85.	пограничные уполномоченные	шекара уәкілдері
86.	пограничный знак	шекара белгісі
87.	пограничный инцидент	шекарадағы оқыс оқиға
88.	пограничный конвой	шекаралық айдауыл
89.	пограничный контроль	шекаралық бақылау
90.	пограничный конфликт	шекарадағы жанжал
91.	пограничный наряд	шекара наряды
92.	пограничный округ	шекаралық округ
93.	пограничный отряд	шекара отряды
94.	пограничный поиск	шекаралық іздестіру
95.	пограничный шлагбаум	шекаралық шлагбаум
96.	подводная лодка	сүңгуір қайық
97.	подполковник	подполковник
98.	полевая война	далалық соғыс
99.	полевой штаб	далалық штаб
101.	полигон	полигон
102.	полигон винтовочный	мылтық ату полигоны
103.	полигон морской	теңіз полигоны
104.	полигонные испытания	полигондық сынақтар
105.	полковая мастерская	полк шеберханасы
106.	полковник	полковник
107.	полковой резерв	полк резерві
108.	полоса наблюдения	бақылау жолағы
109.	полоса наступления	шабуыл жолағы
110.	полоса обороны	қорғаныс жолағы
111.	полоса обстрела	оқ ату жолағы
112.	полоса отступления	шегініс жолағы
113.	полоса препятствий	кедергілер жолағы
114.	полоса прикрытия	бүркемелеу жолағы
115.	полоса разведки	барлау жолағы

116.	помповое ружье	помпалы мылтық
117.	понтонная переправа	понтон өткел
118.	понтонный мост	понтон көпір
119.	понтонный парк	понтон паркі
120.	постоянный надзор	тұрақты қадағалау
121.	постоянный прицел	тұрақты нысана
122.	походная застава	жорық заставасы
123.	походный строй	жорықтық сап
124.	правила стрельбы	оқ ату қағидалары
125.	прапорщик	прапорщик
126.	предохранитель	сақтандырғыш
127.	предохранительная задвижка	сақтандырғыш ысырма
128.	предохранительная защелка	сақтандырғыш ілгек
129.	приклад	дүмбі
130.	пристань	айлақ; кемежай
131.	прицеп	тіркеме
132.	противотанковая оборона	танкіге қарсы қорғаныс
133.	противотанковое препятствие	танкіге қарсы кедергі
134.	противотанковые средства	танкіге қарсы құралдар
135.	противотанковый ров	танкіге қарсы ор
Р		
136.	радиоэлектронная бомба	радийэлектронды бомба
137.	радиоэлектронная защита	радийэлектронды қорғаныс
138.	радиоэлектронная маскировка	радийэлектронды бүркеме
139.	радиоэлектронное средство	радийэлектронды құрал
140.	радиоэлектронное устройство	радийэлектронды құрылғы
141.	радиоэлектронный комплекс	радийэлектронды кешен
142.	радиус действия	әрекет ету радиусы
143.	радиус поражения	жою радиусы
144.	разборка оружия	қаруды бөлшектеу

145.	разбраковка	жарамсыз деп тану
146.	разбронирование	бронсыздандыру
147.	разведка конная	атты барлау
148.	разведка местности	жергілікті жерді барлау
149.	разведчик	барлаушы
150.	разведывательная авиация	барлау авиациясы
151.	разведывательная группа	барлау тобы
152.	разведывательная информация	барлау ақпараты
153.	разведывательно-огневой комплекс	барлау-оқ ату кешені
154.	разведывательные данные	барлау деректері
155.	разведывательные сведения	барлау мәліметтері
156.	разведывательный отряд	барлау отряды
157.	развод караула	қарауылды ауыстыру
158.	разгром	талқандау
159.	разминирование	минасыздандыру
160.	разоружение	қарусыздану
161.	разрывной заряд	жарғыш заряд
162.	разряжать оружие	қарудың оғын алу
163.	район обороны	қорғаныс ауданы
164.	ракетное оружие	зымырандық қару
165.	ракетные самолеты	зымыран ұшақтары
166.	ракетный комплекс	зымыран кешені
167.	ракетный снаряд	зымыран снаряды
168.	реактивное вооружение	реактивті қару-жарақ
169.	реактивные самолеты	реактивті ұшақтар
170.	револьвер	револьвер
171.	региональное командование	өңірлік қолбасшылық
172.	режим огня	атыс режимі
173.	режим полета	ұшу режимі
174.	резервная армия	резервтегі армия

175.	резервные войска	резервтегі әскерлер
176.	рейд	рейд
177.	рота	рота
178.	ротация	ротация
179.	рубеж атаки	шабуыл шебі
180.	рубеж огня	атыс шебі
181.	рубеж регулирования	реттеу шебі
182.	рубеж уничтожения	жою шебі
183.	ружье	мылтық
184.	румб	румб
185.	ручная граната	қол гранаты
186.	ручной пулемет	қол пулеметі
187.	рядовой	қатардағы жауынгер
С		
188.	салют	салют
189.	салют ружейный	қару салюті
190.	самолет-мишень	нысана-ұшақ
191.	самолет-носитель	тасымалдағыш-ұшақ
192.	самозарядное орудие	өздігінен оқталатын қару
193.	самоликвидатор	өзін-өзі жойғыш
194.	самооборона	өзін-өзі қорғау
195.	самоходное орудие	өздігінен жүретін қару
196.	сапер	сапер
197.	саперная рота	саперлер ротасы
198.	саперный батальон	саперлер батальоны
199.	сборка оружия	қаруды жинақтау
200.	связной	байланысшы
201.	сержант	сержант
202.	сержантский состав	сержаттар құрамы
203.	сигнальная ракета	сигналдық зымыран
204.	сигнальное оружие	сигналдық қару

205.	система обороны	қорғаныс жүйесі
206.	система огня	атыс жүйесі
207.	система оружия	қару жүйесі
208.	скорострельность артиллерии	артиллерияның ату жылдамдығы
209.	скорострельность оружия	қарудың ату жылдамдығы
210.	скорость пули	оқтың жылдамдығы
211.	служба военных сообщений	әскери қатынас қызметі
212.	служба гражданской обороны	азаматтық қорғаныс қызметі
213.	служба по контракту	келісімшарт бойынша қызмет
214.	смена войск	әскерлерді ауыстыру
215.	смена караула	қарауылды ауыстыру
216.	смена позывных	шақыру белгілерін ауыстыру
217.	спаренная установка	қосарланған қондырғы
218.	спаренный пулемет	қосарланған пулемет
219.	спасательный плот	құтқару салы
220.	специальная подготовка	арнаулы даярлық
221.	специальная разведка	арнаулы барлау
222.	специальное задание	арнаулы тапсырма
223.	специальные войска	арнаулы әскерлер
224.	специальные звания	арнаулы атақтар
225.	сплавная мина	қалқыма мина
226.	средства разминирования	минасыздандыру құралдары
227.	средства минирования	миналау құралдары
228.	старший лейтенант	аға лейтенант
229.	старший летной смены	ұшқыштар ауысымының жетекшісі
230.	старший сержант	аға сержант
231.	старшина	старшина
232.	степень боевой готовности	жауынгерлік әзірлік дәрежесі
233.	сторож	күзетші
234.	сторожевая застава	күзет заставасы
235.	сторожевая цепь	күзет тізбегі

236.	сторожевое судно	күзет кемесі
237.	сторожевой пост	күзет бекеті
238.	сторожевой резерв	күзет резерві
239.	стрелковые боеприпасы	ату оқ-дәрілері
240.	стрелковый корпус	атқыштар корпусы
241.	стрелковый тир	ату тирі
242.	стрелок	атқыш
243.	стрельба прицельная	көздеп ату
244.	стрельба прямой наводкой	тура көздеп ату
245.	стрельба ружейная	қарумен ату
246.	стрельбище	атыс алаңы
247.	строевой устав	саптық жарғы
248.	суд военно-полевой	әскери-далалық сот
249.	суд присяжных заседателей	алқабилер соты
Т		
250.	табельное имущество	табельдік мүлік
251.	табельное оружие	табельдік қару
252.	таблица позывных	шақыру белгілері кестесі
253.	таблица стрельбы	ату кестесі
254.	тактическая единица	тактикалық бірлік
255.	тактическая задача	тактикалық міндет
256.	тактическая плотность	тактикалық тығыздық
257.	тактическая подготовка	тактикалық даярлық
258.	тактическая разведка	тактикалық барлау
259.	тактическое занятие	тактикалық сабақ
260.	тактическое учение	тактикалық оқу-жаттығу
261.	танковая плотность	танк жиілігі
262.	танковая разведка	танкімен барлау
263.	танковая техника	танк техникасы
264.	танковое вооружение	танк қару-жарағы
265.	танковые войска	танк әскерлері

266.	танковый десант	танк десанты
267.	танковый корпус	танк корпусы
268.	танкодром	танкодром
269.	темп атаки	шабуыл қарқыны
270.	темп наступления	шабуылдау қарқыны
271.	темп стрельбы	ату қарқыны
272.	теория стрельбы	ату теориясы
273.	термоядерное оружие	термоядролық қару
274.	термоядерный заряд	термоядролық заряд
275.	территориальная оборона	аумақтық қорғаныс
276.	территориальная целостность	аумақтық тұтастық
277.	техническая задача	техникалық міндет
278.	техническая подготовка	техникалық даярлық
279.	техническая разведка	техникалық барлау
280.	техническая совместимость	техникалық үйлесімділік
281.	техническая структура	техникалық құрылым
282.	техническое вооружение	техникалық қару-жарақ
283.	техническое обеспечение	техникалық қамтамасыз ету
284.	топографическая карта	топографиялық карта
285.	топографическая разведка	топографиялық барлау
286.	топографическая служба	топографиялық қызмет
287.	топография военная	әскери топография
288.	торпеда	торпеда
289.	торпедирование	торпедамен ату
290.	торпедный катер	торпедалы катер
291.	торпедоносец	торпеда тасығыш
292.	торпедоносная авиация	торпеда тасығыш авиация
293.	точка наводки	дәлеу нүктесі
294.	точка огневая	атыс нүктесі
295.	точка прицеливания	көздеу нүктесі
296.	траектория крутая	тік траектория

297.	траектория низкая	төмен траектория
298.	траектория полета	ұшу траекториясы
299.	трал танковый	танк тралы
300.	тральщик	тралшы
301.	транспортёр	транспортёр
302.	тубус	тубус
303.	тужурка	күртеше
304.	тыловая база	тыл базасы
305.	тыловая зона	тыл аймағы
306.	тыловая позиция	тыл бекінісі
307.	тыловая разведка	тылдық барлау
308.	тыловая служба	тылдық қызмет
309.	тыловое обеспечение	тылдық қамтамасыз ету
310.	тыловой госпиталь	тыл госпиталы
311.	тыловой район	тыл ауданы
312.	тяжелая артиллерия	ауыр артиллерия

Сарқыт Әлісжан
Назарбаев Университеті
Әлеуметтік және гуманитарлық
мектебінің қауымдастырылған профессоры

ҒЫЛЫМ ТІЛІН ДАМЫТУДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ТӨЛ ТЕРМИНДЕРДІҢ АРА САЛМАҒЫ

Тіл қарым-қатынас құралы екендігі баршамызға белгілі. Ғылым саласында тіл ғылыми қатынас үшін қызмет етеді. Тілдің ғылыми қарым-қатынас үшін негізгі үш қызметін баса көрсеткен жөн. Олар: 1) когнитивтік (ойлау); 2) аккумулятивтік (білімнің шоғырлануы); 3) коммуникативтік (мамандардың өзара қарым-қатынасы).

Терминологиялық лексика құрамындағы халықаралық және төл сипат ғылым саласындағы тілдің осы қызметтерімен байланыстыра қаралғаны жөн. Осылай теориялық негіздей отырып, оны мамандардың тәжірибесімен тікелей байланыстыру қазақша ғылым тілінің дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Сонымен бірге мамандар тарапынан терминге деген терең түсінікті де қалыптастыра алады.

Біз аталған үш қызметтің біріншісіне ғана тоқталғанды жөн көреміз.

Когнитивтік немесе танымдық қызмет бойынша терминнің қазақша қалыптасуы аса маңызды болып саналады. Ғылымның өзі – таным, қоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды ғылыми тұрғыдан тану деп түсінсек, оны құрайтын ұғымдардың ана тілінде қалыптасуы төл түсінікке негізделген ғылыми сананы бекітеді. Осы орайда мамандар тарапынан талпыныстар да жоқ емес. Әр сала бойынша ұсынылып жатқан төл атаулар соның мысалы.

Қазақ математигі *Асқар Жұмаділдаев* 4-дәрежелі тепе-теңдік *төрткен алгебрасын*, ал содан туындайтын *төртқара* – туынды алгебрасын қалыптастырды. Алгебраның аталған түрлері мамандар арасында кеңінен танымал

(Қараңыз: <https://www.youtube.com/watch?v=dAWDoLxGedU>).

Терминком тарапынан бекітілген азын-аулақ *қантал*, *алаңсырт*, *кермесеріппе* (спорт саласы), *сантал* (әскери) тәрізді терминдерді атауға болады.

Дегенмен мамандар арасында термин тудыру бойынша осыдан оншақты жылдар бұрынғы белсенділік қазір азайған.

Немесе мамандардың термин шығармашылдығы жеткілікті на-

сихатталмайды. Көп мамандар қазақша нұсқасынан гөрі кірме нұсқасын қабылдай салуға бейім. Бұл нені байқатады? Ең әуелі, ғылым саласындағы қазақ тілі қолданысының әлі төмендігін көрсетеді. Сонымен бірге әр сала мамандарының қазақша терминдерге деген сенімсіз көзқарасын айғақтайды. Егер ахуал осылай жалғасып кете берсе, қазақ тілінің ғылыми қатынастағы тежелісі үдей түсетіні сөзсіз. Ал бұның тіл болашағына кері әсерін тигізетіні бәрімізге аян.

Осындай бұлыңғыр болашақты болдырмас үшін біз ең алдымен мамандардың терминдерге деген көзқарасын түбегейлі өзгерту керекпіз. Бұл міндетті орындау жоғары оқу орындарынан бастау алуы тиіс деп санаймыз. Мамандар төл терминдердің терминологиялық лексика жүйесіндегі ара салмағын, тіл болашағы үшін артықшылық тұстарын терең сезіне білгені жөн. Термин шығармашылдық қазіргі күнмен емес, болашақпен санаса жүргізілу керек. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаштықтардың еңбегінде осы идея болған. Сонда ғана ана тіліндегі ғылым дамиды, кейінгі ұрпақтың ғылыми санасы қазақша қалыптасады.

Әрине, жалпы ғылымның өзі адамзаттық сипатта, ол белгілі бір ұлтқа байланып қалмайды. Алайда мазмұны адамзаттық болғанымен, берілу жолдары, жеткізілу жолдары ұлттық екендігін әр маман есте ұстағаны жөн. Сонда ғана қазақтілді ғылым жасай алатындығымыз сөзсіз. Тілдің ғылыми саладағы танымдық қызметі осыдан бастау алады.

Қазақша атаулар өздерінің орысша нұсқасына қарағанда механикалық түрде қолданыла салмайды. Мысалы, біз *«процесс»* сөзін автоматты түрде қолданамыз, ал оны *үдеріс* деп қазақша атасақ, сөйлеушінің сансында сол сөздің мағынасына байланысты түсінік қалыптасады. Қоғамдық ғылымдарда әлі күнге жарыспалы қолданылып жүрген *«интерпретация»* атауы кездеседі. Көп мамандар, әсіресе тіл білімі мамандары сол күйінде пайдаланады: *сөз интерпретациясы*. «Интерпретация»-ның «талдау», «түсіндіру» деген мағыналарын негізге алып, *түсіндіру (сөзді түсіндіру)* сөзін балама ретінде қолдану да кездеседі. *Дәрумен – витамин* нұсқалары да осындай күйде. Мұндай жарыспалы терминдерге көп мысалдар келтіруге болады, олардың қазақша нұсқаларына деген мамандар күдігі әлі сейілмей отыр. Кезінде құрылыс саласы бойынша бастау алған терминжасамдағы бір дыбысын өзгерту арқылы мағынаны саралап қолдану, мысалы, *ғимарат, имарат, үймерет* қазір кенжелеп қалды.

Termincom.kz сайтында жарық көрген Астрономия және физика саласының алғашқы 100 сөздің орысша нұсқасынан еш айырмашылығы

жоқ, бірдей. Тек *шаңөлшегіш, жарық күші, жарыққа төзімділік, сигма-байланыс, сигма-байланыс* тәрізді сөздер болмаса.

Бұл жағдай басқа салаға да тән. Медициналық сөздіктің «А» әріпінде 720 термин келтірілсе, соның төртеуі ғана қазақ тілінде берілген [1].

Мұндай даяр ғылым бойкүйездікке үйретеді. Ұлттық танымға сүйенген қабылдау ондай ғылымда болмайды. Өйткені тілдің ғылыми аяда коммуникативтік бағытталуы жоқ, ұлттық түсінік арқылы ғылыми мазмұнды беру іс-әрекеті қалыптаспаған.

Осы орайда белгілі ғалым Н.Уәлидің мына пікірі ерекше: *«Қазақ тілі қоғамның «ғылыми санасын» көтеретін тілдік құрал болуға тиіс, өйткені ғылым-білім қоғамдық сананы көтеретін, ұлтты интеллектуалдық жақтан жетілдіретін ерекше құбылыс. Соның нәтижесінде ғылымда үлкенді-кішілі жаңалықтар ашылып жатады.*

Сондай-ақ ғылым тек материалдық байлықты арттырудың көзі емес, ғылым – ең алдымен рухани байлықтың көзі. Ал рух дегеніміз В.Гумбольдтің айтуынша, тіл арқылы өмір сүреді. Халықты өзінің ана тілінен, яғни ғылыми сананы қалыптастыратын рухынан айыру қоғамның рухани дүниесін күйзеліске ұшыратуы мүмкін.

Ғалымдар ана тілінде жазбаса, олардың жұмыс тілі қазақ тілінде болмаса, ол өзге ұлттың, өзге мәдениеттің жоғын түгендейтін *«бейұлтты тұлға»* болады. Бейұлтты тұлғада *«Отаным», «Қазақстаным»* деген ұғым мен патриоттық сезімнің болуы екіталай, олардың түсінігінде *«ғылым әрқашанда интернационалдық сипатта болады»* деген біржақты ой басым болады. Сондай-ақ ана тілінен қол үзген тілдік тұлғалар мұндай жағдайда өзге мәдени кеңістіктің өкіліне айналады. Әдетте ғылыми сана ғылыми білімдер жүйесі, ұғым, концептілік бірліктер арқылы бекиді. Ал қоғамдық сананың ғылыми түрі тілдік тұлғада өз ана тілінде орнықпаса, ондай индивидтің санасы тұрмыстық деңгейде қалып қоймақ» [2, 35-36 бб].

Терминдік атаулардың қазақша нұсқасына ынтығудың себептері дәл осы танымдық қызметпен тікелей байланысты. Ол терминнің табиғатын жете тану үшін, терминнің таным нәтижесі екендігін айқындау үшін қажет.

Төл термин біздің мамандардың ғылымдағы (белгілі бір саладағы) іс-әрекеті мен ойының көпірі іспеттес қызмет атқарады. Ғылыми ой мен оны тіл арқылы жеткізудің сабақтастығын көрсетеді. Дәл балама іздеу, сөздің мағынасына үңілу, анықтама беру тәрізді ізденіске, тәжірибеге негізделген қазақ тілінде сөйлейтін мамандардың түйсігі мен танымының кепілі бола алады. Осы орайда мамандардың тіл мен

ұғымның арасындағы бір-бірімен ұласатын берік негізді іздеу тәжірибесі қалыптасады, ғылыми сана сөйлеушілерде ана тілінде орнығады. Сала терминологиясы құрамындағы әрбір атаудың өзіндік түсіндірмесі – сол сала бойынша жинақталған когнитивтік білімді көрсетеді.

Қазақ тіліндегі терминдер жаттанды орысша терминдерге қарағанда еркін сипатқа ие, оларға жаттанды ойлау моделі емес, еркін тыныс, өзгешелік тән. Сонымен бірге қазақша терминдер перспективаға негізделеді.

Демек, медицина бойынша айтылған «Қазақ дәрігерлері бір-бірімен қазақша тілдесуі үшін қазақи-кәсіби лексика орнығуы қажет» [3] деген пікірдің маңыздылығы барлық сала үшін ортақ.

Бұл термин атаулыны жаппай қазақшалау керек дегенді білдірмейді, ұлт тілінде ғылым жасаймыз десек, қазақ сөздерінің терминдік сапада жұмсалы мүмкіндігін кеңейту дегенді білдіреді.

Рас, көп мамандар халықаралық терминдердің артықшылығы ретінде ғылыми қауымдастық арасындағы түсініктілігін, оңай қолданысын назарға алады. Ілгеріде келтіргендей, оларды біз автоматты түрде қолдана отырып, тура сол ұғымға сайма-сай бола алатын төл тілдік бірліктерімізді ұмытамыз. Халықаралық терминдердің өткіншілігін елемейміз. Ең өкініштісі сол, осыдан барып мамандар арасында төл терминдердің белгілі бір ғылыми саладағы рөлін жоққа шығару әлі күнге сақталып отыр.

Біз жоғарыда қазақ сөзінің терминдік дәрежеде қолдануының танымдық жақтары туралы айттық. Қазақ сөзінің ғылыми мазмұнда қолданудың артықшылығы да осында: қабылдау ұлттық таным арқылы жүзеге асады, ғылыми сана қазақша қалыптасады. Біздің мамандарымыз осыны түсіне білсе дейміз.

Терминологиялық лексикадағы халықаралық және төл терминдердің ара салмағын мына кестеден көруге болады:

№	Халықаралық терминдер	Төл терминдер
1	ғылыми қауымдастық арасындағы қарым-қатынасқа қолайлы	қабылдау ұлттық танымға сүйенеді, ғылыми сана қазақша қалыптасады
2	көп ұлтқа түсінікті	ұлттың түсінігіне сай; терминнің түсініктілік дәрежесі жоғары
3	қазіргі жаһандану үдерісіне сай	ұлттық мүдде басты орында болады

4	мамандарға қолайлы	ғылымды ана тілінде дамытады
5	өткінші қажеттілік басым	жас ұрпақ ана тілінде ғылыми ұғымдарды үйеренді
6	белгілі бір тілге бейімдеп қабылдауға болатын артықшылығы бар	сөздік қор кеңейеді
7	халықаралық деген атау тек еуропалық тілдерге байланысты қолданылмайды	тілдің беделін арттырады
8	-	тіл тазалығын сақтайды
9	-	көне сөздерді пайдалану мүмкіндігі мол

Қорыта келгенде, тілдің жұмсалыу өрісін ғылыми аяда кеңейту, сөздік қорымыздың терминдік сапада қолданылу мүмкіншіліктерін арттыру тікелей өзімізге, біздің мамандарға байланысты. Сол арқылы біз қазақ тіліндегі ғылыми кеңістікті қамтамасыз етеміз. Төл ұғымдардың пайда болуы соған мүмкіндік береді. Жас ұрпақты ана тілінде ғылым-білім нәрімен баулуға ат салысамыз. Ана тілінің ғұмырын ғылыми ортада баянды етуге жол ашар едік дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов Ж. Медицина терминдерін қазақшалауға болады // termincom.kz
2. Уәли Н. Мемлекеттік тілдің бүгінгі таңдағы әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері // Тіл және қоғам. 2011, №1 (25).
3. Ахметов М. Медициналық терминдер мәселесі // termincom.kz

Мұхамбедия Ахметов

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Республикалық терминология комиссиясының мүшесі,
медицина ғылымдарының кандидаты

МЕДИЦИНА ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Терминология тарихында әлемнің түрлі елдеріндегі ғалымдар мен дәрігерлердің адам организмін, оның функциялары мен құрылымын, аурулардың туындау себептерін танып білудегі, емдеу жолдарын табудағы еңбектері мен ізденістері жатыр. Медициналық арнайы лексиканың дамуына дәрігерлердің дүниежүзілік тәжірибесі күшті әсер еткен. Онда ғажап жаңалықтар да, қате тұжырымдар да көрініс тапқан. Басқа саланың терминологиясымен салыстырғанда медициналық және биологиялық терминологияның басым бөлігі халықаралық терминдерден тұрады. Оған себеп ежелгі заманның грек тілі мен латын тілі медициналық терминологияға толықтай ықпал етті.

Ежелгі дәуірдің 100-ден аса медициналық шығармалары «**Гиппократ жинағы**» деп аталатын жинаққа енген (б.э.д. 460-377 ж.ж.). Оған тек Гиппократтың ғана емес, оның шәкірттерінің және ежелгі грек медицинасының басқа бағытын ұстанған дәрігерлердің де еңбектері кірген. Еуропалық медицина және медициналық терминология тарихы осы «Гиппократ жинағынан» бастау алады.

Бұл еңбектегі барлық заттар мен құбылыстар грек сөздерімен берілген. Гиппократ пен оның ізбасарлары халық емшілері арасында ұрпақтан ұрпаққа тараған медициналық лексиканы қолданды. Аталған жинақта қазіргі термин ұғымына сәйкес келетін және тек дәрігерлер қолданатын арнайы терминдер салыстырмалы түрде аз. Жинақтың негізгі тілдік байлығы – аурулардың және симптомдардың атаулары, ал анатомиялық лексика аз берілген.

Тілдің латындану кезеңінде ғылыми медицинаға атаулардың көбі осы жинақтан алынды, мысалы: *акромион, апофиз, герпес, кома, нефрит, холера, эпидемия*.

Медициналық-биологиялық лексикаға грек философы, ғалым **Аристотель** үлкен үлес қосты. Оның шығармаларында *алопеция, аорта, глаукома, лейкома, трахея, фаланга* атаулары кездеседі. Аристотель медициналық лексикада қолданылып жүрген кейбір сөздердің арнаулы

мағыналарын нақтылап жазды, мысалы *meninx, meningos* (қабық) сөзінің мағынасын «миқабық» деп нақтылай түсті.

Одан кейінгі кезеңде Александриялық медициналық мектептің көрнекті дәрігерлері **Герофил мен Эразистрат** медициналық, әсіресе анатомиялық терминологияда ерекше із қалдырған. Александриялық ғалымдар неологизмдерді батыл енгізе бастады. мысалы *простата, диастола, систола* (Герофил), *паренхима, булимия, анастомоз* (Эразистрат). Александриялықтар медицина тілін реттеуге, нормалауға көп үлес қосты.

Медицина тілінің латындану кезеңінде латын тілінде жоқ ұғымдар грек тілінен алынып, ассимиляцияға ұшырады. Кірме сөздер тез сіңісіп кететін, себеп – Римдегі дәрігерлердің басым бөлігі гректер болатын.

Римнің көрнекті дәрігері **Клавдий Гален** (129 – 201 немесе 130-200) Гиппократтың шығармаларына комментарий жазып сөздік құрастырды. Ол жаңа атауларды енгізді, көнерген сөздердің мағыналарын анықтады, Гиппократтың ұмыт болған ұғымдарын жаңғыртты. Гален әрбір арнайы сөз тек бір мағынада қолданылуы керек деп есептеді. Гален *sternon* – төссүйек, төс атауының бір мағынада қолданылуына қол жеткізді. Галеннің бұл тәсілі ғылымда терминге, оның ішінде медициналық терминге қойылатын талаптың түп негізі саналады. Ол мына терминдердің авторы: *thalamos – thalamus* (мидың көру төмпесі), *phleps azygos* – латын, *vena azygos* (сыңар вена), *peristaltikē kinēsis* – перистальтика және т.б.

Феодализм дәуірінде медицинаның ең биік шыңы – шығыстағы арабтардың, оның ішінде Иран мен Орта Азияның медицинасы. Арабтілді медицинаның тарихи құндылығы – ежелгі медицинаның бай мұрасын сақтауында.

IX–X ғасырларда грек тілінен араб тіліне Гиппократ пен Галеннің барлық еңбектері аударылды. Осының негізінде араб тілді медициналық әдебиет қалыптаса бастады. Алғашында грек шығармалары компилятивті түрде өңделді, бірақ бірте бірте араб дәрігерлері өздерінің көрнекті шығармаларын шығара бастады. **Абу Бакра Разидың** (865–925), әсіресе **Али Ибн-Синаның (Авиценна)** (980 – 1037) еңбектерін атауға болады. Олардың еңбектерінде арабтың медициналық терминологиясы бекіді.

Еуропалық медицина тілі сол кезеңде қарама қайшылықтарға толы алуан түрлі болды. Грек тілін жекелеген адамдар ғана білді, латын тілі сапалы трансформацияға түсті. Латын тілінде екі әлеуметтік диалект болды: біріншісі әдеби диалект, қоғамның жоғары табы қолданатын классикалық латын; екіншісі ауызекі тіл, халықтың тілі, «деревнялық» латын.

VIII–IX ғасырларда ауызекі латын тілі өлі тілге айналды. Бірақ өлі латын тілі жүздеген жылдар бойы Еуропаның ғалымдарына түсінікті кітаби, жазба тіл болды.

Батыс Еуропа дәрігерлері грек мұраларын арабтардың грекшеден аударған латын аудармаларынан ғана оқи алды. XII ғасырда Герард Кремонский (1114–1187) араб тілінен латын тіліне 70 тен аса шығарманы аударды, ол **Ибн Синаның «Дәрігерлік ғылым канонын»** бірінші аударған адам. Латын тіліне аударылған «Дәрігерлік ғылым каноны» Еуропа медицинасында XVII ғасырға дейін оқытылды. Бір тілден бір тілге аудару кезінде терминология біраз өзгеріске ұшырады.

Ғасырлар бойы араб тілі басым болды, латын тіліне орта ғасырларда жүздеген араб сөздері кірікті, алайда араб медицинасы қазіргі медициналық терминологияда айтарлықтай із қалдырған жоқ. Бірен саран арабизмдер ғана сақталды, мысалы: *калий* және *алкалоид*, арабтың al qali (өсімдік күлі), сөзінен латынның alkali (сілті); *алкоголь* – арабтың al kohl (сүрменің майда ұнтағы) сөзінен; *эликсир*, арабтың – al-iksir (философия тасы); т.т.с.с.

Анатомиялық латын номенклатурасында араб тілінен бір ғана сөз қалған *nucha*, қазір *мойынның артқы жағы*, *желке* мағынасында қолданылады. Ол Ибн Синаның «Дәрігерлік ғылым Канонынан» алынған, онда мағынасы «жұлын» деген мағынаны берген. Ал желкені басқаша атаған болатын. Аудармашылар араб тілінен аударған кезде көп сөздерді қате аударды. Мысалы, араб тіліндегі түпнұсқада al kifal (сыртқы) дегенді, аудармашы гректің *kerphalē* (бас) сөзі деп түсінген.

Кейбір ұғымдарды аудармашылар арабтың метафоралық тіркестерінен аударған, мысалы *dura mater* және *pia mater*. Латынның *mater* сөзі «ана» деген мәнде, осы тіркестің нақты мағынасы – мидың анасы, яғни қабық «ана – мидың қорғаушысы». Және де *pia* «нәзік, мейірбан» дегенді білдіреді, «ана» сөзімен жақсы тіркеседі. Гректерде *миқабық* – *mēninx sklēra* немесе *mēninx rascheia* (мидың қатты және жұмсақ қабығы) және *mēninx leptē* (жұқа, нәзік қабық) деп аталды. Арабтар бұл ұғымдарды метафорамен берді, ал аудармашы латыншаға сол күйінде аударды.

Қайта өрлеу кезеңінде (XV–XVI ғасырлар) еуропалық ғалымдар классикалық грек тіліндегі медицинаны зерттеуге кірісті. Медициналық терминологияның тілдік бірлігі үшін, синонимдер санын азайту, түсініксіз сөздерден тазарту күресі басталды. Жаңа латын – Қайта өрлеу дәуірінің латыны қалыптасты, ол Еуропа аймағындағы халықаралық ғылыми тіл бола бастады. Латын тілін жаңартуға анатомдар көп үлес

қосты, себебі XVI ғасыр анатомиялық жаңалықтар ғасыры болды, анатомиялық терминологияда кемшіліктер көп болатын. Сол кездің анатомдарына филолог болуға тура келді.

Латын тіліндегі анатомиялық терминологияға көп үлес қосқан Андреас Везалий (1514–1564) – қазіргі анатомияның негізін қалаушы. Цельс енгізген атауларды негізге ала отырып, анатомиялық терминологияға біркелкілік сипат берді.

Везалий енгізген терминдерден қазіргі анатомияда сақталғандары: atlas – атлант, crista galli – әтеш айдары, incus – төс (сүйек төс), os ilium – мықынсүйек, scapula – жауырын. Везалийдің шәкірттері енгізген терминдер де сақталған, мысалы Фаллопий (1523–1562) – tuba uterina – жатыр түтігі, labyrinthus – ішкі құлақ иірімі; Р. Коломбо (1516–1559) – pelvis – жамбас.

Қайта өрлеу дәуірінің анатомдары анатомиялық терминдер сөздігін дамытуға орасан зор үлес қосты. XVIII ғасырдың соңында анатомиялық атаулар 30 000-нан асты, ал ежелгі гректерден мұраға қалғаны 700-ге жуық еді.

XVII ғасырдағы ғылыми революция медицина ғылымының дамуына да қызу прогресс әкелді. Жаңа ғылыми пәндер мен іргелі ғылыми бағыттар пайда болды, көптеген жаңа терминдер жасалды. Қайта өрлеу дәуірінің аяғында медицина тілі ұлттық тірі тілдердің сұранысына бейімделе бастады.

Мысалы, француз хирургі Амбруаз Паре (1510–1590), дәстүрді бұзып, өз шығармаларын французша ауызекі сөйлеу тілінде жазды. Алайда XVIII ғасырда латын тілі биология мен медицинаның халықаралық тілі болды, ол тілде ғылыми еңбектер жазылып, ғылыми пікірталастар өткізілді, оқу орындарында оқытылды. XIX ғасырдың ортасына таман жағдай күрт өзгерді. Латын тілі ұлттық тілдерге орын беріп, жазбаша және ауызша ғылыми қарым-қатынас құралы болады. Оның тек номинативтік функциясы қалады. Атап айтқанда, медициналық биологиялық классификацияда (анатомия, гистология, ботаника, зоология және т.б.) зерттелетін объектіні атау функциясы қалады.

Еуропа елдерінде және америка өңірінде медицинаға жаңадан енгізілген терминдерді жасауда грек және латын тілдері негізгі дереккөз болды. Классикалық тілдердегі сөздіктерден алынған сөздермен қатар түрлі елдердің ғалымдары ойлап тапқан неоклассицизмдер пайда болды. Неоклассицизмдер латынша немесе әртүрлі ұлт тілдерінің формасында қолданылды. Грек латын этимологиясының арқасында мұндай термин-

дер түрлі ұлттардың тілдеріне олардың фонетикалық морфологиялық жүйесіне сәйкес оңай кірікті, осылайша халықаралық атауларға, интернационализмдерге айналды.

XX ғасырда орыстың медициналық лексикасын халықаралық терминдер белсенді түрде толықтыра түсті. Олардың басым бөлігін классицизмдер мен неоклассицизмдер құрады, мысалы: *аборт, альвеола, амбулатория, бацилла, вакцина, галлюцинация, дентин, иммунизация, иммунитет, инфаркт, инфекция, каверна, карбункул, лимфа, перкуссия, пульпа, рефлекс, экссудат* және т.б..

Сонымен қатар Орыс дәрігерлерінің ішінде жаңа сөздердің, кірме сөздердің қолданылуына қарсы болған пуристер де болды. Олар орыстың көне сөздеріне арнаулы медициналық мағына берді. Осындай көзқарасты ұстанғандардың бірі – мамандығы дәрігер В.И. Даль (1801—1872) — ұлы орыс тілінің түсіндірме сөздігін жасаған адам. Алайда олар ұсынған көне орыс сөздері медицина терминологиясында тұрақтаған жоқ.

Медициналық терминологияны бір жүйеге келтіруде мағыналық жағынан ұқсас синонимдерге байланысты екі міндетті шешу керек. Біріншіден, аталған терминдер синоним бола ма, түрлі мағына беріп тұрған жоқпа? Осыны анықтау қажет. Мұны шешуге ғылыми анықтамасы немесе нақты сипаттамасы көмектеседі. Екіншіден, синонимдердің ішінен ең нақтысын және дұрысын таңдау қажет. Терминді дәл таңдау үшін білікті ғалымдар ұжымының талқылауынан өткені жөн.

Медициналық терминологияны нормаға келтіру және жүйелеу қажет, бұл жұмысқа медициналық бейіндегі түрлі мамандармен қатар филологтар да белсене қатысуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Энциклопедический словарь медицинских терминов. Пол ред. Б.В.Петровского.М. Советская энциклопедия, 1982.
2. Шайдаров М., Ахметов М. Анықтамалық сөздік. Латынша-орысша-қазақша. Астана, 2015.
3. Шайдаров М., Ахметов М. Латынша медициналық терминдердің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2017.

Әсия Смықова

*Қарағанды облысының тілдерді дамыту
жөніндегі басқармасы жанындағы
Ресурстық тіл орталығының әдіскері*

СӨЗДІКТЕРДІҢ ЖАСАЛУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Әр елден келіп жатқан жаңа сөздер біздің тілге салмақ салып жатқаны рас. Әр ұлт өз тілінің табиғи қалпын сақтағысы келгенмен, бүгінгі техникалық даму үрдісі әр елдің тіліне өз түзетулерін енгізіп жатқандай. Өз тілінің ерекшелігіне қарай бұл мәселелерді шешуге талпынып жатқандар бар. Мәселен, түріктер жаңа сөздерді толығымен аударуға ұмтылса, ағылшындар сөзді сол қалпында сақтап, өзінің сөздік қорына енгізуде. Ал бізде мұндай бірқалыптылық байқалмайды. Бұл сөзді сөздік қорға қосайын ба, жоқ па, әлде аударайын ба деп жалтақ күйде отырмыз. Кез келген жаңа сөзге жатырқап қарайтын қазақ тілі аударма мәселесіне келгенде бір жүйеге түскен жоқ. Осындай мәселелерді түбегейлі дұрыс шешуге әр тілде болатын ортақ қағида көмектеседі деп ойлаймын. Бірақ осының ара-жігін дұрыс айырмағандықтан, бәрін аудару керек сияқты болып тұрады. Аударманың сөздіктерге қандай қатысы бар десеңіз, бәріне белгілі ағылшын сөздіктері қалай жасалатынын түсінгенде, даудың басы қайдан шығып жүргеніне көз жеткіземіз деп ойлаймын.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, әлем тілдері жаңа сөздермен толығы бастады. Әлемдік жаһанданудың әсерінен көптеген мамандықтар пайда болды, жаңа технологиялық салалардың әсерінен жаңа сөздер пайда бола бастады. Ағылшын лингвистері жүргізген деректер бойынша ағылшын тілінде жылына 15-20 мың лексикалық бірлік пайда болады екен. Бұл – 98 минутта бір сөз пайда болады деген сөз.

Бүгінде интернеттің әсерінен жаңа сөз әлемге тез тарап, басқа елдің сөздік қорына еніп жатыр. Қазір ағылшын тілі Еуропа елдерінің ішінде әлемдік донор тіл болып тұр. Оның Испания, Франция және Ресей сияқты елдерге әсері ерекше. Бірақ ағылшын тілі жаңа сөздерді қайдан алып жатыр десеңіз, бұл тіл де көршілес француз сияқты тілдердің әсерінен сөзден-сөз жасап жатыр. Ағылшын тілінде қазір кіріккен сөздер мен біріккен сөздер өте көп. Тіпі ағылшын тілін үйреніп жүрген адамдар жаңадан пайда болған әртүрлі сөздерді жаттауына тура келеді. Сол сияқты сөздерді қысқарту арқылы жаңа сөздер туып жатыр. Мыса-

лы, бәріне белгілі *Teflon* сөзі табаларды күюден қорғайтын жабындыны «Tetrafluoroethylene» атты химиялық формуланың қысқартылуы. Ал Seal сөзі – әскер саласы, мұны орыстар «морской котик» деп атайды. Бұл сөз «Sea, air, land» сөзінен шыққан. Атақты Jeep көлігінің атауы «General purpose vehicle» сөзінен қысқарып, лексиконға Jeep боп енген. Ағылшындарда осылайша қысқарту арқылы жаңа сөз тудыру әскери салада қатты көрініс тапқан.

Қазір әлем бойынша ерекше тез дамып жатқан стильдің түрлеріне көңіл аударғым кеп отыр:

- **ғылыми стиль** – оның ішінде ғылыми-техникалық, әскери және медициналық технологиялар қатысты даму;

- **жарнама стилі** – маркетингтік сауданы жүргізу үшін және брендтерді қалыптастыру;

- **публицистикалық стиль** – бұқара ақпараттық құралдарда ақпаратты нақты және қысқа етіп жеткізу [1].

Осы стилдердің түрі біздің бүгінгі сөздік қорымызда қалай көрініс тауып жатыр деген мәселеге аз-маз тоқталып өтсек.

Ғылыми стиль бізде жақсы дамыған, салалық, кәсіби бағытта жазылған сөздіктер бар. 30-31 томдық сөздіктерді жиі қолданып жүрміз. Осы салалық сөздіктердің маңызды бір белгісі – дәлдік. Терминдер, орыс тілші-ғалымы Г.О. Винокур айтқандай, *"ерекше сөздер емес, ерекше міндет атқаратын сөздер"* болғандықтан, негізгі қызметті атқарады.

Қазақ тіл білімінде терминология саласының қалыптасуында А.Байтұрсынұлының алатын орны ерекше. А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған. Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық үдеріс. А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Осы жолды үзбей жалғастырып, дамытып келе жатқан кейінгі терминология төңірегінде тілші-ғалымдар К.Мұсаев, Ә.Қайдаров, Ө.Айтбаев,

Б.Қалиев, А.Әбдірахманов сияқты тіл мамандарының зерттеу еңбектері жарық көрді. Сонымен қатар терминология саласында І.Жарылғапов пен Ш.Құрманбайұлының еңбектерін ерекше атап өтуге болады [2].

Ұлттық тілдің негізінде термин жасаудың жолын ұстанатын ғалымдар «қандай бір тілде болсын жаңа термин жасау, оның терминологиялық қорын толықтыратын сол тілдің ұлттық лексикасы болып саналады. Яғни терминдер де байырғы сөздер секілді тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлер негізінде жасалады. Терминжасам сәтінде "түпнұсқа терминдердің мағыналық мазмұнын терең түсініп, оған қазақ тілінен әр алуан варианттар іздеп, соның ең дөп түсетін - терминдік өзегін аршып танып, таңдап пайдалануға тура келеді» - дейді. [3.29]

Әр жаңа сөз ұтымды аударылып жатса, (*мінтуір, пернетақта, бағдаршам*) оған дау жоқ, ал қабылдауға қиындау аудармалар (газет-үнқағаз, телефон – сымтетік, барабан-қағыран) қоғамда пікірталас тудырады. Осындай мәселелердің алдын-алу үшін мықты ғалымдар арқылы аударма жүйесін құру қажет пе деп ойлаймын [4.26].

Жаңа сөздер соңғы рет 2013 жылы шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» енгені белгілі. Ал жарнама стиліне байланысты нақты академиялық сөздіктер жоқ. Жалпы жарнама стилі зерттелмей келе жатқан сала болып саналады. Осының әсерінен сауатсыз жарнамалар қаптағаны былай тұрсын, көп сөздердің қолдануы бұрмаланады. Нарықтық қарым-қатынас қоғамның бір құрамдас бөлігі болғандықтан, жарнама ісінің әлеуметтік мазмұны кеңейді және осы терминнің ұғымдық көлемі ұлғайды. Сондықтан өздігінен сұранып тұрған саланың бірі болғандықтан, ерте ме, кеш пе қолға алынатыны белгілі.

Күнделікті киім дүкеніне бара қалсаңыз, сатушыдан бұрын-соңды естімеген свитшот, худи, блейзер, парка, дафлкот сияқты киім атауларын естіп жатамыз. Сондай-ақ, хайп, лайк, сэлфи, фидбэк, фандом, месседж коллаборация, сияқты сөздерді тілімізде еріксіз қолданып жүрміз. Осы сөздердің ұтымды аудармасы немесе баламасы табылуын уақыт еншісіне қалдырған жөн. Бүгінде бұл мәселе туралы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты зерттеу жүргізіп жатқаны белгілі, тақау арада көптен күткен сөздікте шығып қалар... Осы атауларға мән беріп қарасаңыз, қысқа әрі түсінікті, мағынаны тез бере алатын сөздер. Жаңа пайда болып жатқан лексемалар ақпаратты қысқа жеткізуге, түсінуге оңай, айтуға жылдам, сөйлем ішінде оңай икемделетіндей болу керек. Бұл атаулар жоғарыда көрсетілген ағылшын еліндегі ерекше дамыған публицистикалық стильге жатады. Олар бұқаралық ақпараттық құралдарда ғана емес, жарнамалық стильде де көрініс тауып отыр.

Публицистикалық стиль тілдің екі қызметін, яғни хабар беру және әсер ету қызметін ұштастырады. Осының сырын жақсы түсінген ағылшын тілі бүгінде бұл қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында және маркетинг саласында ұтымды қолданып келеді. Ондай мүмкіндік бізде де бар. Біз тек тіліміздің байлығын қолдана алмай жүрген сияқтымыз. Қазақ тіліндегі екі сөз табы еліктеуіш пен одағай қалыс қалып келеді. Ағылшын тілі осындай бір мағыналы сөздерді ұтымды қолданудан қорықпайды, керісінше, ақпаратты ұтымды, мағынасын дәл береді.

Бұл арнайы үш стильге тоқталып, қысқаша ақпарат бергенімнің себебі, қазақ тіліне ғылыми стилдегі сөздердің аудармасын табуға тырыссақ та, маркетинг саласын аударудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Олардың тек қазақша дыбысталуына мән берген дұрыс сияқты. Бұл сөздер тілімізді шұбарлап, көлеңкесін тигізеді деген қорқынышты артқа тастау керек. Мұндай атаулар ешқай тілдің негізгі жұмыс істеу механизімін бұза алмайды.

Пайда болған неологизімдердің барлығы сөздікке еніп үлгермейді. Сөздікке біршама тұрақталған, жиі қолданыстағы сөздер кіреді. Бұл, өкінішке қарай, тоқтамайтын процесс. Бірақ бұларды уақыт өте келе тұрақтандырып, бір жүйеге келтіреді.

Жалпы, сізді бір сәтке сөздіктер қалай жасалатыны туралы толғандырды ма? Сөздікке сөз ену үшін ұзақ процесті басынан өткереді. Сіздердің назарларыңызға ағылшынның атақты Oxford Online Dictionary мен Merriam-Webster Dictionary атты сөздіктері қалай жұмыс жасайтыны туралы айтқым келіп отыр. Мұндай тәжірибе болашақта біздің елде де қалыптасар деген үміттемін.

Әлемдегі жаңа сөздерді саралап зерттеу бойынша ең ауқымды алып баспасөз болып Оксфорд университетіндегі Oxford University Press саналады. Бұл зерттеу университеті ресурсты екі жолмен іздестіреді. Бірі – мәтіндер болса, екіншісі – шексіз интернет мүмкіндігі. Осы сөздерді аулап теру үшін, тіпті олардың әлемнің басқа тілдердің сөздік қорына ену үшін осы баспасөзде мыңға жуық адам жұмыс жасайды. Мүмкін, ағылшын тілі әлем бойынша үлкен басымдыққа ие болып отырғандығы осының да әсерінен шығар?

Баспасөз беттерінде шыққан әртүрлі стильдегі мәтіндер бір жерге жинап, оның ішінде бұрын-соңды қолданылмаған жаңа сөздерді іздейді. Сол сияқты интернет желісінен арнайы бағдарлама арқылы күнделікті сөздерді іздестіреді. Бұл бағдарлама күнде шығып жатқан әндердің сөзінен болсын, тіпті әр нәрсеге әр сайтта пікір жазған адамдардың жазбаларынан да қарастырады екен. Жалпы, интернет желісінде қандай

жазба түрі бар, соның бәрін сүзгіден өткізеді деген сөз. Сөйтіп, біраз уақыт ресурс жинастырады. Осы ресурстардың ішінен ғалымдар ең бірінші, жиі қайталанатын сөздерге мән береді екен. Жиі қайталанатын сөз – қолданыстағы сөз екендігінен хабар береді. Содан кейін бұл қолданыстағы сөз қаншалықты маңызды және өміршең екендігін анықтайды. Сөздіктерге кем дегенде 2-3 жыл қызмет ететін сөздер ғана енгізіледі. Кей сөздер бір ғана салада жиі ұшырасатын болса, онда оны сол саланың сөздігіне енгізеді.

Кейде лексикографтарға кей адамдар сөз ойлап тауып жіберіп жататын кездер де болады екен, бірақ сөздердің сөздікке ену ережесі біреу болғандықтан, мұндай өтініштер қабылданбайды.

Тағы бір ауқымды сөздіктің бірі – Merriam-Webster Dictionary. Бұл сөздіктің де редакторлары ұқсас механизммен жұмыс жасайды. Бұл баспаның редакторлары «оқы және белгіле» немесе «оқы және жаңа сөзді тап» деп аталатын үрдіс ойлап тапқан. Күніне жаңадан шыққан мақалаларды оқып, сөздер тереді. Ол сөздердің маңыздылығын мамандар анықтаған соң, қызықты ақпарат ретінде көпшілікке жария етеді. Жай ғана сөз ретінде ғана емес, контекстегі мысалымен қоса алып, газет-журнал, интернет желісіне салып отырады. Қасына сол сөздің мағынасына қарай сурет салып, сөздің шығу төркінінен де хабар береді.

Осы Oxford Online Dictionary мен Merriam-Webster Dictionary атты сөздіктердің жасалуы, насихатталуы біздің болашақта бет түзейтін бағытымыз болуы керек сияқты. Осындай ауқымды жұмысты біріздендіру – бүгінгі қазақ сөздіктерінің алдында тұрған мәселе [1].

Мұндай жаңа сөздердің 75%-ы 2-5 жылдың ішінде ұмытылып, қолданыстан шығып қалады да, орнына жаңа сөздер туа береді. Бұл – үздіксіз процесс. Осы сөздердің кіріс-шығысына қарап-ақ та, адам баласы қандай кезеңдерді басынан өткергеніне баға беруге болады.

Қорыта айтқанда, терминографияның алдында, басты зерттеу нысандарының бірі - қазіргі кезде кеңінен жарық көріп жатқан терминологиялық сөздіктердің түрлерін анықтау. Өйткені, қазақ тіл білімінде лексикографиядағыдай терминологиялық сөздіктердің де түрлері көбеюде. Оның үстіне, терминографиядағы сөздік түрлерін анықтау арқылы олардың әрқайсысын дайындауда негізге алынатын принциптерді жүзеге асырудың жолдары мен тәсілдерін де анықтап алуға болады. Бұған ұқсас пікірді орыс тіл білімінің терминография саласында еңбектеніп жүрген ғалым С.В.Гриневтің де мақаласынан көруге болады [5.23].

Барлық тілдердегі терминографияның басқа мәселелерін шешу үшін

терминологиялық сөздіктердің түрлерін ғылыми тұрғыдан жүйелеу – бірінші сатыдағы маңызды зерттеу нысаны екендігіне көз жеткізуге болады. Бұл нысанды зерттей отырып, әр сөздік түрінің терминдерді берудегі мақсатын, ерекшеліктерін, мақсатына орай оларды дайындаудың әдіс-тәсілдерін де белгілеуге болады. Демек, терминографиядағы сөздік түрлерін анықтай отырып, терминологиялық сөздіктердің әрқайсысының ерекшеліктерін аша отырып, жүйелеу жұмысын жүргіземіз. Жоғарыда көрсетілген стиль түрлеріне қарай сөздіктерді жүйелесек, қарапайым қолданушыларға өте түсінікті болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://www.english-language.ru/articles/informative/kak-novye-slova-popadayut-v-slovari-oxford-online-dictionary/>
2. <http://anatili.kazgazeta.kz/>
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. Елорда. -Астана - 2002.
4. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясы. Алматы, Ғылым, 1988.
5. Гринев С.В. Принципы теории терминографии // Теория и практика научно-технической лексикографии. Сб. статей. - М.: Русский язык, 1988.

Алма Шоқаева,

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы
Құжаттамалық қамтамасыз ету және лингвистикалық
қолдау басқармасының бас менеджері

РЕСМИ ҚҰЖАТТАРДА БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕРДІ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ

Бүгінгі таңда ҚР Үкіметі жанындағы Терминком бекіткен терминдерді іс жүзінде дұрыс қолдану, соның ішінде ресми құжаттарда, күрделі және өзекті мәселе.

Қызметтік жазба немесе бұйрық сияқты ішкі құжат жобасын дайындаудан бастап заң деңгейіндегі актілердің жобасын әзірлеу барысында терминдерді дұрыс қолдануда кез келген сала мамандарының, аудармашылар мен іс жүргізушілердің күнделікті жұмысында туындайтын сұрақтар жеткілікті.

Жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, жалпы терминдерді қолданғанда, оның ішінде бекітілгені де бекітілмегені де бар, салалық нормативтік құқықтық актілер басшылыққа алынады.

Мысалы, ақпараттық технологиялар саласындағы негізгі терминнің бірі – **«бағдарламалық қамтылым»** (орыс тілінде - **«программное обеспечение»**) атты термин.

Осы терминнің қолданылуына назар аударсақ:

1. Осы саладағы негізгі құжат – «Ақпараттандыру туралы» ҚР Заңында «бағдарламалық қамтылым» деп белгіленген;

2. «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын ("Қазақстанның киберқалқаны") бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысында бұл термин «бағдарламалық жасақтама» деп берілген;

3. Терминком мақұлдаған «Информатика және есептеуіш техника» атты салалық екі тілдегі сөздікте осы термин «бағдарламалық қамтым» деп берілген;

4. уәкілетті орган – орталық мемлекеттік органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітілген көптеген салалық ережелер мен қағидаларда аталған термин «бағдарламалық қамтамасыз ету» деп те берілген.

Екінші мысал осы саладағы **«архитектура»** деген терминге қатысты.

Жоғарыда аталған салалық Заң мен одан туындаған немесе оған

тәуелді актілерде осы термин «архитектура» деп алынса, терминдер сөздігінде «сәулет» деп берілген.

Осы саладағы тағы бір терминді айтсақ, ол терминге айналған қазіргі уақытта өте жиі қолданылатын **«Мемлекеттік органдардың Бірыңғай көлік ортасы»** деген сөз тіркесі, орыс тілінде **«Единая транспортная среда государственных органов»** деп аталады. Бұл сөз тіркесі термин ретінде тек ақпараттық технологиялар саласында ғана қолданылады, бұл терминдегі **"көлік"** деген сөз орыс тілінен тікелей аударылған, бірақ салаға қатысты мағынасын ашып тұрған жоқ. Бұл бір мәселе, екіншісі – бұл термин де ресми құжаттарда біркелкі жазылмайды, Заңда **«көлік»** болып алынса, көптеген құқықтық актілерде **«көліктік»** деп қолданып жүр.

Меніңше, мұндай жағдайда ресми құжаттарды, соның ішінде құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу барысында терминдерді қолдану кезінде «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 10-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің сатысын басшылыққа алу қажет. Атап айтқанда, заңда термин қалай алынды, тиісінше, сол заңнан туындайтын актілерде де термин солай қолдану тиіс.

Ал, енді кезінде қабылданған терминнің бүгінгі күні өзектілігі, мағынаны толық және салаға қатысты дұрыс ашуы сала мамандары мен ғалымдардың бірлесіп жұмыс істеуіне байланысты деп ойлаймын.

Ғазиза Шойбекова

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің қауымдастырылған
профессоры м.а., филология ғылымдарының кандидаты

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ (ӘДЕБИ ТІЛ) ӨМІРШЕҢДІГІНЕ ЫҚПАЛЫ

Техника ғылымының қарқынды дамуына байланысты технология мен олардың қызметтеріне қатысты атаулар көптеп тілімізге енді. Осыған байланысты терминдік қабаттың көбеюі, бұған қоса олардың шеттілдік сөздер арқылы аталуы қазақ тілінің өміршеңдігіне кері ықпалын тигізуде. Қандай да бір техникамен жұмыс істеу кезінде, яғни құрылғының қызметтерін пайдалануда шеттілдік атауларды пайдаланатынымыз шындық. Мәселен, пандемия кезінде, үйде отырған мен *ноутбугімде* бар материалдардан қарадым, *интернет* желісінен оқыдым, *скачать етіп* алдым, *копировать етіп* алдым да, *сохранить етіп*, одан кейін оқып отырып, керек жерлерін қажетіме жараттым. Осы әрекеттерді орындау үшін *гуглға* жаздым, *найтиға* бастым, *уикипедияға* жүгіндім, т.т. Осылай жалғаса беретін әрбір әрекетім ақпараттық технология тілі арқылы орындалып жатыр. Бірақ байқасақ, біз қолданып жатқан ақпараттық технология тілі қазақша емес. Бұл әрекетті тек біз (мен) ғана, осындай аралас тілдік бірліктер арқылы орындап отырған жоқпыз, қашықтықтан жұмыс істеу кезінде онлайн коммуникацияға түскен адам дәл осы әрекетті қайталап отырғанына сенімім мол. Демек, осындай аралас тіл арқылы бірнеше адам (яғни қазақ) өзара тілдік байланыс орнатып отыр. Осы байланыс күнделікті қайталанғанда сіздің пайдаланған лексикалық бірлігіңіздің қаншасы таза қазақша сөздер болғанын есептей алдыңыз ба?.. Міне, егер сіз ойланып қалған болсаңыз, ендеше, осы жағдайда қазақ тілінің өміршеңдігі туралы айту мүмкін бе? Бұл сұрақтар қазіргі таңда ақпараттық технология тілінің қазақыландырылуы (қазақыландырылған ғой, негізі, бірақ ол дискурсқа түспей тұр ғой) қажет екенін немесе шеттілдік сөздердің ұлттық тілдің заңдылығына сәйкес өзгеру қажеттігін тудырып отыр.

Ақпараттық технология түрлеріне байланысты түрлі ақпараттық процестер орындалып жатады. Ақпаратты жинау, ақпаратты өңдеу, ақпаратты жеткізу, ақпаратты сақтау, ақпаратты ұсыну, ақпаратты пай-

далану, ақпаратты қорғау т.б. сынды түрлерін орындау барысында қолданылатын лексикалық бірліктер – ақпараттық технология тілдік бірліктерін, сонымен қатар терминдерін қалыптастырады. Ақпараттық технологиялардың негізгі көзі компьютер, ноутбук, смартфон, планшет т.б. болса, осы техникалардың қызметтері бірыңғай ақпарат беру, алу болса, қызметтері де ұқсас болады.

Қазақ ғылымы және соған сәйкес терминдері, негізінен, XX ғасыр басында қалыптасты. Оған Ахмет Байтұрсынұлының, Елдес Омарұлының, Нәзір Төреқұлұлының, Мағжан Жұмабайұлының, Жүсіпбек Аймауытұлының, Халел Досмұхамедұлының, Жұмахан Күдериннің, Сұлтанбек Қожанұлының, Телжан Шонанұлының т.б. өткен ғасыр басындағы қазақтың ғылым тілінің қалыптасуына атсалысқан алаш азаматтарының жасаған терминдері мен жазған еңбектері дәлел бола алады.

Кеңес одағы халықтарына ортақ терминологиялық қор қалыптастыру бағытын ұстанған кезеңде ұлт тіліндегі термин шығармашылығы қолдан жасалған дағдарысқа ұшырады. Сол себепті тіліміздің сөзжасам тәсілдері іске қосылып, қажетті дәрежеде кәдеге жаратылмады. Орыс тіліндегі терминдердің тұлғасын сақтап аудару үшін толық және жартылай калька тәсілі ғана біршама пайдаланылды. Нәтижесінде терминқорымыздағы ұлт тілінде жасалған терминдеріміздің үлесі өте төмен болып шықты. Егер отызыншы жылдарға дейінгі алаш оқығандары секілді әр саланың терминдерін өз тілімізде жасауға үлкен мән беріп, бұл іске белсене араласып отырғанда қазір терминжасамның үлгілері орнығып, термин шығармашылығындағы төл тәжірибе мен ұлттық дәстүріміз қалыптасқан болар еді [1, 2004: 19]. Ғалым Қ.Шерубайұлының сөзінің жаны бар. Біздің қазақ тіл білімінде тек 90-жылдардың басынан бастап қана ұлт тілінде термин жасау ісі қайта қолға алына бастады.

Қазақ әдеби тілін, оның өміршеңдігіне қатысты ғылыми зерттеулер жүргізген профессор Б. Момынова компьютерге, тұрмыстық техникаға байланысты терминдер қытай тіліне толық аударылғандығын, жергілікті қазақтар да соған орайластыра компьютерге байланысты және кез келген тұрмыстық техника атауларын қазақ тіліне аударып алғандығын мақаласында жазады. «Қолтелефонды (мобильді телефон), бірақ студенттер қолфон деп қысқартып атайды, тетіктерін аудару да жергілікті қазақтар үшін өте жеңіл іс. Енді кейбір аудармаларын келтіріп көрелік: *тінтуір – мышь, тілтақта – клавиатура, нұртабақ – диск, бармақдиск – флешка, көрсеткі – экран, қатты диск – жесткий диск, құрттап кету – вирус ену, үстел бет – рабочий стол, қосамжар дыбыс – медиадыбыс,*

терезелік – окно т.б., бұған қоса: мүше, торап ат, кілтсөз (пароль), тораптас, бекет жауапкері, бекет бастығы, әріпсәйкестіргіш, сәйкестіргіш, әріпалмастырғыш, достық жалғаным, лездік жалғаным, жолдама, нұрбелгі (курсор), бостық кнопка (пустой удар), ақылы деталь (интернеттегі ақылы материалдарды түсіріп алу), ақысыз, ортақ деталь, ғаламтор (интернет), торап жарнама, сұхбат үні, тораптық қазына, аманат, торап сөздігі, ерен електеме, кері қайтару, торап ескертпесі, т.б., сияқты сөздердің аудармасын еркін қолданатындығын айтады. Сондай-ақ Қытай қазақтарының компьютер тілін түгел қазақшалап, терминдердің сөздігін шығарып қойғандығын да осы мақаласында айтып өтеді [3, 76 б.]. Бірақ біз бұл сөздікті әлі көре алмадық. Шыңжаң университетінің профессоры А.Міркамалмен хат алысу барысында түйрек, торап, лездік жалғаным деген терминдерді оқығаным бар. Профессордың түйрек деп тұрғаны – кәдімгі ворд файл. Осы файлдың негізгі бейнесі скрепкимен белгіленген. Скрепкидің қызметінің бірі қыстырудан өзге түйреу болатын болса, осы қызметіне сәйкес Қытай қазақтарының тілінде түйрек деген атауы таза танымдық сипатқа негізделіп тұрғанын көреміз.

Ұлт тіліндегі терминдерді жасауда пайдаланылып жүрген сөзжасамдық жұрнақтар

1-кесте – Компьютер терминдерін жасаушы жұрнақтар

№	Жұрнақ түрі	Сөз	Өзге тілдегі түсіндірмесі, атауы	Жасалу негізі
1	-ма, -ме	Батыр+ма // түй+ме	кнопка	Етістіктен жасалып тұр
2	-іш	Жүктеу+іш	Загрузка	Зат есімді етістіктен жасалып тұр
3	-ын, -ін	Ағ+ын	Поток	Етістіктен жасалып тұр
4	-сыз, сіз	Адрес+сіз	Безадресный	Зат есімнен жасалып тұр
5	-мақ, -мек	Ау+мақ	Область	Өлі түбірден
6	-ғы, -гі	құрылғы	устройство	Етістік
7	-ты, -ты	тұрақты	постоянный	Етістік
8	-ын, -ін	Ағын	поток	Етістік

9	-тық, -тік, -лық, -лік	Биіктік, аралық	Высота, интервал	Көмекші есім, сын есім
10	-ма, -ме	Сүңгі+ме	Штепсель	Өлі түбірден жасалған зат есім
11	-шы, -ші	Әкімші	Администратор	Зат есім
12	-уыш, -уіш	Бағытта- уыш, бейім- деуіш	Направляющие, адаптер	Зат есім
13	-қыш, -кіш	Бекіткіш, бергіш	Фиксатор, датчик	Етістік
14	-ық, -ік	Бөлік, кетік	Часть, пробел	Етістік
15	-ым, -ім	Бөлім	Раздел	Етістік
16	-ын, -ін	Буын	Поколение	Зат есім
17	-ақ, -ек	Жинақ	Набор	Етістік
18	-малы, -мелі	Қайталама- лы	С повторением	Етістік
19	-лым, -лім	Қайталым	Цикл	Етістік
20	-дақ	Құндақ	Кассета	Өлі түбір

Жоғарыда берілген кестеде әртүрлі сөз таптарынан зат есім туғызатын сөз тудырушы жұрнақтар берілді. Олардың бірі сөзжасам, терминжасам барысында жиі қолданылып жүрген өнімді (құнарлы) жұрнақтар болса, екіншілері бірді-екілі ғана сөздерді жасауға қатысқан өнімсіз (құнарсыз) жұрнақтар. Алайда жұрнақтың өнімді немесе өнімсіздігі оның тұрақты сипаты деп тануға болмайды. Бір кездері өнімсіз болып келген жұрнақтарды термин шығармашылығында жиі пайдаланып, оның сөзжасам белсенділігін арттыруға болады. Сондықтан өнімсіз деп танылып келген кез келген жұрнақтың белгілі бір кезеңдерде өнімді жұрнаққа айналуы әбден мүмкін.

Қазақ терминологиясының құрамында жиі ұшырасатын грек-латын текті сөз жасаушы терминбөлшектер (терминоэлементы) бар.

Берілген мысалдардан көріп отырғанымыздай информатика және есептеуіш техника терминологиясында қазақ тіліндегі бір ғана –уыш/–уіш жұрнағы орыс тіліндегі –атор/–ятор/–тор, – щик,- чик, –тель, –н/ая, –н/ый суффикстері арқылы жасалған терминдердің қазақша нұсқасын жасауда пайдаланылған. Бұл үлгімен жасалған терминдердің ішінде –

атор/-ятор/-тор суффиксіне сәйкес келетіндерін ғана сәтті терминдер қатарына қосуға болады. Өзгелері ұғым мазмұнын дәл беру тұрғысынан да қосымшаларды мағынасына қарай ұтымды пайдалану жағынан да кемшіліктен ада емес.

Терминжасамның синтаксистік (аналитикалық) тәсілі арқылы жасалған компьютер терминдері

Ұлттық терминқорымызда аналитикалық жолмен жасалған терминдер өте мол [2, 1992: 58]. Соған қарамастан, қазақ тіл білімінде терминжасамның синтаксистік тәсілі, бұл тәсіл арқылы жасалған терминдердің тілдік табиғаты әлі арнайы зерттеле қоймаған, жекелеген ғылыми еңбектер мен мақалаларда ғана сөз болып жүрген мәселелердің бірі. «Терминологиялық лексикамыздың қомақты бөлігін екі, үш немесе одан да көп сыңарлы терминдердің құрайтынын ескерсек, терминжасамның бұл тәсілін арнайы қарастырудың, жан-жақты зерттеудің мәні зор екендігі сөзсіз» [1, 2004: 555].

Аналитикалық тәсіл ретінде қарастырылып жүрген сөзжасам амалдары жөніндегі осы саланы арнайы зерттеп жүрген ғалымдарымыздың пікірлері әр уақытта сәйкесе бермейді. Оны белгілі тілші-ғалымдардың мына төмендегі жазғандары анық көрсетеді.

2002 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты шығарған көлемді еңбектің бірі саналатын «Қазақ грамматикасы» авторлары – «Біріккен сөздер дүниежүзіндегі тілдерге өте кең тараған. Олардың аналитикалық тәсіл арқылы жасалатыны да ғылымда әбден танылған» және «қос сөздер тілдің аналитикалық тәсілінің қосарлама тәсілі арқылы жасалады», – деп жазады [4, 2002: 253-256].

2-кесте – Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған компьютер терминдері

№	Термин	Уәждеуші сөз	Өзге тілдегі түсіндірмесі, атауы	Жасалу негізі
1	Айналдыру жолағы	Айналу + жолақ	Полоса прокрутки	Етістік + зат есім
2	Ақпараттық ұрлық	Ақпарат + ұрлық	Плагиат (Plagiarism)	Етістік
3	Ақпараттық іздестіру жүйесі	Ақпарат + іздестіру + жүйесі	Информационно-поисковая система	Зат есім + зат есімнен жасалған етістік + зат есім

4	Аспаптар тақтасы	Аспап + тақта	Панель инструментов	Зат есім + зат есім
5	Әдістемелік жасақтама	Әдістеме + жасақ	Методическое обеспечение	Зат есім + зат есім
6	Бағдарламалық жасақтама	Бағдарлама және жасақтама	Программное обеспечение	Зат есім + зат есім
7	Бас мәзір	Бас және мәзір	Главное меню	Зат есім + зат есім
8	Басқару тақтасы	Басқару және тақта	Панель управления	Зат есім + зат есім
9	Бүкіләлемдік өрмек (Ғаламтор)	Бүкіләлемдік өрмек	Всемирная паутина – World Wide Web (WWW)	Зат есім + зат есім
10	Гипермәтін	Гипер + мәтін	Гипертекст	Сын есім + зат есім
11	Жедел жад –	Жедел + жад	Оперативная память	Сын есім + зат есім
12	Электрондық пошта	Электрондық + пошта	Электронная почта	Сын есім + зат есім
13	Ахуал байты	Ахуал (диалект) байты	Байт состояния	Зат есім + зат есім
14	Ая түсі	Ая түсі	Цвет фона	Зат есім
15	Байланыс желісі	Байланыс желісі	Линия связи	Етістік + зат есім
16	Байланыс желісі драйвері	Байланыс желісі драйвері	Драйвер линии связи	Етістік + зат есім + зат есім
17	Байланыс жиілігі	Байланыс жиілігі	Частота связи	Етістік + зат есім
18	Байланыс құралы	Байланыс құралы	Средство связи	Етістік + зат есім
19	Баспа тығыздығы	Баспа тығыздығы	Плотность печати	Етістік + сын есім
20	Басып шығару жылдамдығы	Басып шығару жылдамдығы	Скорость печати	Етістік + етістік + сын есім

21	Бос жол	Бос жол	Пустая строка	Сын есім + зат есім
22	Бос ұяшық	Бос ұяшық	Пустая ячейка	Сын есім + зат есім

Бұл тәсіл қазақ тілінде де өнімділігімен ерекшеленеді. Олай болуының себептері арнайы зерттеуді қажет етеді. Алайда кейбір себептері туралы қазірдің өзінде айтуға болады деп ойлаймыз. Бір себебі – біздің терминологиялық лексикамыздың құрамындағы көпкомпонентті терминдердің басым бөлігі орыс тілінен тікелей аударылып алынған. Терминологияда бір арнаулы ұғымның екіншісімен түрлі байланысын көрсететін, тегі бір ұғымдардың түрлерін білдіретін атаулар жиі ұшырасады. Әдетте ондай атауларды бір сөзбен беру оңай бола бермейді. Сондықтан екінші бір себебі – түр атаулары болып келетін терминдер, логикалық жүйеге сәйкес ұғым мазмұнын дәл беру мақсатымен көп сыңарлы болады.

Тек терминологияда емес қазақтың жалпыхалықтық тілінде де сөзтіркесімнің өнімді тәсіл болғандығын сөзжасам саласын зерттеген тіл мамандары атап көрсетеді. «Сөзтіркесім – жаңа сөз жасаудың ең өнімді жолы. Қазақ тілінде зат немесе құбылыстың атын тіркестіріп атау жиі ұшырайды. Бұл сөздер аталым (номинация) дәрежесіне жеткен сөздер. Егер сөз тіркесі лексикалық тұтастыққа айналып, аталым дәрежесіне ие болғанда сөз тіркесі қызметін тоқтатады. Мұндағы басты қасиет – ұғымның атауы дәрежесіне жетуі» [1, 2004: 56].

Біздің терминологиялық лексикамыздағы сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдердің үлес-салмағы әзірге статистикалық тұрғыдан дәл көрсетілген емес. Дегенмен, кейбір арнаулы салалардың терминдер жүйесін зерттеген еңбектердің нәтижесіне қарағанда қазақ терминологиясында да көп сыңарлы терминдердің 60 пайыздан (ең кем дегенде) аз болмайтыны байқалады. Ендеше мұндай өнімді тәсілдің лингвистикалық табиғатын арнайы зерттеп, термин шығармашылығында тиімді пайдаланудың қажеттігі күмән туғызбайды. Солай бола тұрса да, бұл мәселенің әлі басы ашылмаған, аражігі ажыратылмаған қырлары жеткілікті. Жалпы қазақ терминологиясында ең аз зерттелген мәселенің бірі осы көп сыңарлы терминдердің тілдік табиғаты.

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты ұжымдық монографияның авторлары аналитикалық тәсілдің ішкі түрлерін атап көрсетіп, олардың әрқайсысына анықтамалар берген [5, 1989: 63]. Төмендегі аналитикалық тәсілдің жіктелуі мен анықтамалар осы еңбек бойынша беріліп отыр.

Олар:1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту. Сөзқосым тәсілі арқылы біріккен, кіріккен атаулар жасалады. Ондай атаулар қазақ тілінде көптеп саналады. «Біріккен сөз дегеніміз – жеке-дара сөздердің өзара шоғырлана тұтасуынан жасалған дербес лексика-грамматикалық мағыналары бар туынды сөздер» [6, 2002: 36].

3-кесте – Өзге тіл лексикалары арқылы жасалған компьютер терминдері

№	Термин	Уәждеуші сөз	Өзге тілдегі түсіндірмесі, атауы	Жасалу негізі
1	Файл	Файл	Файл	Зат есім
2	Блок-схема	Блок-схема	Блок-схема	Зат есім + зат есім
3	Веб-бет	Веб-бет	Веб-страница (Web page)	Зат есім + етістік + зат есім
4	Веб-сайт (Web site)	Веб-сайт	Веб-сайт (Web site)	Зат есім + зат есім
5	Кәбіл	Кабель	Кабель	Зат есім

Бұл терминдердің ерекшеліктері таза өзге тіл терминдерінен және қазақ тілі сөздерімен араласып келуінде деуге болады. Кестеде компьютер терминдерінің өзге тілді терминдері мен аналитикалық тәсіл арқылы жасалған, оның ішінде қосарлану арқылы жасалған терминдер беріледі. Демек, қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген компьютер терминдерінің бір ерекшелігі терминдердің атқаратын қызметтеріне қарай қосарланып берілуінде. Түпнұсқа тілінде бұл терминдер ешқандай дефиссіз берілмейді. Ал орыс тілінде дефис арқылы жазылса, біздің қазақ тілінде де дефис арқылы беріледі. Демек, қазақ тілі терминологтары бұл терминдерді аударғанда немесе пайдаланғанда дефистің атқаратын қызметтерін ескермейтін секілді. «а) Лексикалық мағынасын сақтаған сөздерден жасалған күрделі сөздер арасында: *инженер-технолог, батыр-ұшқыш*; қос сөздердің арасында: *ел-жұрт, алай-дүлей*; сөзді тасымалдағанда; реттік сан есімдерді қолданған жағдайда: *3-жыл, 5-рет; -ақ, -ау, -мыс, -ды* демеуліктері тіркескен жағдайда: *айтады-мыс, келмеді-ау*; қосымшаларды ерекшелеп көрсетуде: *-ған, -ген, -мын, -мін*; екі сөзден тұратын фамилияларда, адам аттарында, жер-су атауларында: *Нұр-Сұлтан, Тұрсын-заде, Салтыков-Щедрин* т.б. [<https://egemen.kz...> 2019; 6].

Демек, осы дефис қойылатын жағдайлардың лексикалық мағынасын

сақтаған сөздерден жасалған күрделі сөз дегенге сай келеді. Бұл – біздің қазақ тіліндегі дефис арқылы жасалған сөздердің алғашқы компоненті анықтауыш, айқындауыш қызметінде жұмсалатын секілді. Мысалы, веб-сайт дегенде жай сайт емес, веб екенін көрсетіп тұр.

Калькалау – терминжасам тәсілі арқылы жасалған компьютер терминдері. Калькалау – өзге тілдердің терминдерінің жасалу үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау болып табылады.

Кальканың тілдік табиғаты түрліше түсіндіріледі. Мысалы:

а) Калькалау термин шығармашылығында айрықша орын алады, осының өзі оны терминжасамның жеке амалы ретінде қарастыруға негіз болады.

ә) Калькалауды сөз алмасудың байқалмайтын түрі, оны «жасырын сөзалмасым» немесе «жабық сөзалмасым» (скрытое заимствование) деп түсіну керек.

б) «Калькалау терминдену, терминжасам және терминалмасым сынды негізгі үш тәсілдің бірігуінен (қиылысуы мен өзара әсерінен) тұрады» [7, 1989: 219].

Калькада алдыңғы екі (а, ә) түрлі сипаттың болуын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен үшінші тұжырымның негізі берік деуге болады. Калькалау барысында өзге тілдегі сөздің мағынасының, құрылымының пайдаланылатыны рас. Өнімділігіне қарай жеке тәсіл ретінде танылып, өзге тілден сөз алынбай ұлт тілінің өз сөзі пайдаланылатындықтан оны «жасырын сөзалмасым» немесе « жабық сөзалмасым» дейтіні де сондықтан. Калькалау барысында бір тілден екінші тілге сөз мағынасы да, сөздің құрылымы да алмасумен қатар нәтижесінде қабылдаушы тілде жаңа термин жасалады. Яғни мұнда тіларалық терминдену мен терминжасамдық сипат бар. Сол себепті калькалауды үш тәсілдің бірлігінен тұратын, терминжасамның құранды тәсілі ретінде қарастырудың негізі бар.

4-кесте – Төл сөздерден жасалған компьютер терминдері (неологизмдер)

№	Термин	Уәждеуші сөз	Өзге тілдегі түсіндірмесі, атауы	Жасалу негізі
1	Баған	Баған	Столбец	Зат есім
2	Бағана	Бағана	Колонка	Зат есім
3	Деректер	Деректер	Данные	Зат есім
4	Десте	Десте	Пакет	Зат есім

5	Есеп	Есеп	Задача	Зат есім
6	Көз	Көз	Источник	Зат есім
7	Мәнер	Мәнер	Стиль (стиль шриффта)	Зат есім
8	Меңзер	Меңзер	Курсор	Етістік

Бұл сөздер өзіміздің төл тілімізде бар болғанымен, компьютер, компьютер тілі келгенше термин ретінде қолданылмаған болатын. Сондықтан, бұл сөздердің калька тәсілімен жасалған деуімізге осы сөздер толық дәлел бола алады.

Қазақ тілінің терминқорында калька тәсілімен жасалған термин сөздер көптеп саналады. Олар негізінен кеңестік дәуірде қалыптасқан терминдер. Қазақ тіліндегі калька терминдердің басым бөлігі орыс тіліндегі терминдер үлгісімен жасалған. Кеңестік дәуірде терминалмасым негізінен «орыс тілінен қазақ тіліне» түрінде біржақты бағытта жүзеге асырылып, біздің тіліміз үшін орыс тілі терминқор қалыптастырудың бірден-бір сыртқы көзі, үлгі тіл ретінде танылды. Сондықтан да қазақ тіліндегі калька жолымен жасалған терминдердің негізгі бөлігінің үлгісі орыс тіліндегі терминдер болып келеді. Бізде осы тәсілмен жасалған терминдерді дұрыс қабылдап, бұл тәсілді термин шығармашылығында ұтымды пайдаланып, оның өнімділігін арттыра түсу қажет деп санайтындардан гөрі, бұл жолмен жасалған терминдерді сөзбе-сөз аудару, жасанды деп жатсыну көбірек байқалады. Оның бір себебі – кеңестік кезеңде үстемдігі өткен орыс тілінің ықпалынан арылып, соңғы жылдарда байқалып отырған ұлт тілінің сөзжасам тәсілдері мен ішкі лексикалық байлығын барынша тиімді пайдалануға ұмтылу үрдісімен де байланысты болса керек деп пайымдаймыз. Әрине, өзге тілдерге орынсыз көп жүгінудің реті жоқ. Алайда іргені аулақтаудың да жөні бар екенін естен шығармағанымыз жөн. Калькалауды механикалық түрде айнытпай көшіру деп қана қабылдамай, оның белгілі дәрежеде шығармашылық процес екендігін де ескерген дұрыс.

Жалпы қай тәсілмен болмасын жаңа сөз, жаңа термин жасауды опонай шешімін табатын, әркімнің де қолынан келе беретін бұқаралық іс емес. Бұл – арнайы біліктілікті, машықтануды, көп ізденісті қажет ететін, шығармашылықпен жүзеге асатын жұмыс.

Қазақ тіліндегі терминжасамның бір жолы, сонымен қатар өнімді тәсілі деп атауға болатын бір тәсіл – семантикалық тәсіл.

Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілінің ішінде лексикалық

тәсілдің алар орны ерекше. Лексикалық тәсіл арқылы жасалған компьютер терминдері.

5-кесте – Лексикалық тәсіл арқылы жасалған компьютер терминдері

№	Термин	Уәждеуші сөз	Өзге тілдегі түсіндірмесі, атауы	Жасалу негізі
1	Бланк	Бланк	Бланк	Зат есім
2	блютуз	Блютуз	Блютуз	Зат есім
3	Буфер	Буфер	Буфер	Зат есім
4	Дизайн	дизайн	Дизайн	Зат есім
5	Дискі	Диск	Диск	Зат есім
6	Монитор	Монитор	Монитор	Зат есім
7	Модем	Модем	Модем	Зат есім
8	Кластер	Кластер	Кластер	Зат есім
9	Код	Код	Код	Зат есім
10	Коллектор	Коллектор	Коллектор	Зат есім

Семантикалық тәсіл арқылы жасалған компьютер терминдері

Әсіресе, бұл тәсіл терминжасам құбылысында жиі кездеседі. Ғылыми еңбектерді терминжасамның бұл тәсілін әртүрлі атап жүр. Мәселен, түрколог ғалым К.Мұсабаев терминжасамның бұл өнімді тәсілін халықтық лексиканың терминденуі деп атаса, Ө.Айтбаев бұл тәсілді мәністік тәсіл, Ш.Құрманбайұлы оны терминдеу деп атайды. Терминжасам құбылыстарында семантикалық тәсіл немесе мәністік тәсілдің кең үрдіс алғандығын атауға болады. Ө.Айтбаев «сөздердің қызмет аясының кеңеюі, мағына жылжымалылығы, жаңаша мән жүктелуі» сияқты процестердің терминдену тенденциясына айналғанын айтады [8, 2003: 3]. Семантикалық тәсіл – терминжасамның негізгі тәсілдерінің бірі ретінде терминологиялық лексика қабатының толығы, байи түсуіне үлкен септік жасайтын негізгі амалдың бірі.

6-кесте – Семантикалық тәсіл арқылы жасалған компьютер терминдері

№	Термин	Уәждеуші сөз	Өзге тілдегі түсіндірмесі, атауы	Жасалу негізі
1	Жою	Жою (тұйық етістікті форма)	Удалить	Етістік

2	Анықтау	Анықтау (тұйық етістікті форма)	Определение	Етістік
3	Арна	Арна	Канал	Зат есім
4	Атқару	Атқару	Исполнение	Етістік
5	Аудару	Аудару	Транслировать, трансляция	Етістік
6	<i>Безендіру</i>	<i>Безендіру</i>	<i>Иллюстрация</i>	Етістік
7	Желі	Желі (малды желіге байлау)	Желі – Сеть (Network)	Зат есім
8	Адрестеу	Адрестеу етістігі	Адресация	Зат есім
9	Арна	Арна	Канал	Зат есім
10	Аяқтау	Аяқтау	Завершение	Зат есім
11	Әзірлеу	Әзірлеу	Разработка	Етістік
12	Бекіту	Бекіту	Фиксация	Етістік
13	Белгілеу	Белгілеу	Разметка	Етістік
14	Бет	Бет	Страница	Зат есім
15	Беттеу	Беттеу	Верстка	Зат есім

Жалпы лексикадағыдай арнаулы лексикада да көпмағыналық, омонимия, антонимия, синонимия сияқты семантикалық процестердің болып жататындығы жаңалық емес [9, 1991: 82]. Терминге қойылатын талаптар тұрғысынан қарағанда, әсіресе, көпмағыналылық пен синонимияның арнаулы лексика үшін қажетсіздігіне, тіпті зиянды екеніне қарамастан терминологиядан орын алып жүргендігі айтылып та жүр. Ал омонимия мен антонимия арнаулы лексика үшін соншалықты жат құбылыс емес. Олар алдыңғыларға қарағанда терминологияда жиі ұшырасады.

Ақпараттану саласындағы желі термині де жалпы қолданыстағы желі сөзінің бірінші мағынасымен дәл солай сәйкес келеді. *Желі* I. 1. Құлындарды байлау үшін екі қазыққа кере тартылған арқан. Ауысп. Бір нәрсенің бағыты, ұзын-ырғасы. 3 электр жүйесі; телефон торабы. 4. Негіз, арқау, өзек [5, 1989: 192]. Жалпы қолданыстағы сөзге қарағанда термин дефинициясының нақтылығына, ғылымилығына, ұғымдық белгілерінің дәлдігіне қарамастан, бұл жағдайда термин мен термин емес сөзді омоним деп қарауға негізіміз жоқ. *Желі* сөзінің лексикалық мағынасы мен терминдік мағынасы астасып, бірінен-бірі туындап тұр.

Ендеше, жалпы қолданыстағы сөздің терминологиялық өріске енгізілуі арқылы (терминдік мағынаға ие болуы) жасалған терминдердің бәрі бірдей өзінің жасалуына негіз болған сөзбен үнемі омоним бола бермеуі де мүмкін. Дәлірек айтқанда, терминденген сөз өзінің бастапқы білдіретін ұғымынан басқа ұғымның атауы болса ғана жүйеаралық омоним туындайды. Көбінесе терминдердің жалпы лексикадағы сөздермен омоним болуының бір себебі – белгілі бір тілдің арнаулы лексикасы сол тілдің жалпы лексикасының негізінде жасалып қалыптасады. Сөз белгілі бір ұғымға таңылып, нақты дефиницияға ие болып терминдік мағына жүктеуінің нәтижесінде омоним пайда болады. Бір ғана сөз белгілі бір терминологиялық өріс ішінде термин қызметін атқарса, одан тыс жерде сөзге тән қасиеттеріне ие болып контекске байланысты түрлі мағынада қолданыла алады [10, 2006: 88]. Терминологиядағы омонимияның екінші бір түрі – ғылым мен техниканың немесе адам қызметінің арнаулы бір саласындағы терминдердің өзге бір арнаулы саладағы терминдермен дыбысталуы жағынан сәйкес келуі. Ондай терминдердің бір тобы ана тіліндегі байырғы сөздердің негізінде жасалынбағандықтан жалпы қолданыстағы сөздермен омоним бола алмайды. Олардың қатарына төмендегідей терминдерді жатқызуға болады: *арна* 1. Ақпараттану, 2. Су шаруашылығы, *бет* 1. Баспа ісі, 2. Ақпараттану [11, 1974: 109].

Негізінен, тілдің өміршеңдігі деген ұғым тілдің ішкі мүмкіндігінен гөрі сыртқы экстралингвистикалық әсерлерге байланысты болып келеді. Жоғарыдағы біз жазып отырған мәселелерге белгілі бір экстралингвистикалық факторлар әсер етуде. Ол факторлар біздің тілімізде *сохранить, найти, скачать, копировать, добавить, конвертировать, выделить, удалить, вставка, главная, разметка страницы, параметры страницы, рецензирование, вид, формат страницы, заголовки, название, переименовать...* деп келетін компьютеріңіздің бүкіл қызмет атауларын түгелдей орысша атауға тура келеді. Бұл, әрине, монитор бетіндегі жазулардың орысша болғандығының себебі. Біздің қазақ тілінде осы атаулардың бәрінің де қазақшасы бар. Мысалы: *сохранить* – сақтау, *скачать* – көшіру, *загрузить* – жүктеу, *выделить* – белгілеу, *ерекшелеу*, *вид* – түрі, *конвертировать* – конверторлау (түрлендіру), *удалить* – жою, *вставка* – кірістірме (кірістіру), *главная* – бас..., *разметка страницы* – беттерді белгілеу, *параметры страницы* – бет параметрлері, *рецензирование* – пікірлеме, *формат страницы* – бет пішімі, *заголовки* – тақырыптар, *название* – атауы, *переименовать* – атын өзгерту. Бұл аудармалар 2014 жылы жарық көрген 452 беттен тұратын 10 000-ға жуық термин енген «Қазақша-орысша, орысша-

қазақша терминологиялық сөздіктің» «Информатика және есептеуіш техника» атты 3-томында берілген [12, 51 б.].

Программирование деген термин – *программалау* деп, ал *рецензирование* – пікірлеме деп аударылған. Орыс тіліндегі *-ирова+ние* – қосымшасының қазақ тіліндегі аудармасында –лау және –леме деген екі түрлі қосымша арқылы аударылғанын көреміз. Бұл әрекет түрлеріне орыс тіліндегі атауларына қайланысты байланып қалуға болмайды. Осы бөліктерге берілген атаулардың ең бастысы атқаратын қызметтеріне байланысты болғаны жөн деп ойлаймыз. Тек осы уақытқа дейін пікірлеме деген сөздің қазақ тілінде жасандылық сипатқа ие болып, қолданылмайтыны, орнықпағандығы алаңдатады. Біздің ақпараттық технология саласына **қазақша қызмет атаулары қосылған компьютер дайындау** күн тәртібінде бірінші кезекте тұрған мәселе болуы шарт деп түйіндейміз. Себебі қоғамда орын алған қазіргі пандемияға байланысты төтеншежағдай кезінде қазақжұрты жаппай оқыту жүйесінде ақпараттық технологияларды пайдаланып жатыр. Демек, қазіргі кезде қазақ халқының үлкені (білім беру саласының қызметкерлері), кішісі (білім алушылар) қаншама орысша тілдік бірліктерді қолданып отырғандығын, санасына сіңіріп жатқандығын ойлану керек. Көз алдында орысша тұрған соң, міндетті түрде орысша оқып, коммуникативтік қажеттігіне пайдаланады. Қай тілде жазылып тұрса, сол тілде айтатынымызды, қолданатынымызды, сол арқылы қазақ тілінің қолданысын тарылтатынымызды көрсетіп беріп отыр. Егер біз толыққанды қазақ тіліндегі нұсқаларын пайдаланғымыз келсе, осыны мәселе деп таныр болсақ, онда компьютер бетіндегі бүкіл атауларды қазақыландыруымызға тура келеді. Бұндай өзгетілмес атауларды еліміздің қаншама азаматтарының оның ішінде қазақ пайдаланып отырғандығын тізімдемей-ақ, қанша таза қазақтың пайдаланып отырғанын статистика арқылы біліп алуға олады. Егер Қазақстанда шамамен 19 млн (мысал ретінде) қазақтың 1 миллионы телефон құрылғысын ұстамайтын, әлі тілі шықпаған бала деп санасақ, қалған 18 миллионы осы аралас тілді пайдаланып отыр деп есептей беріңіз. Осыдан кейін қазақ тілінің өміршеңдігіне зор сенім артуға бола ма? Бұл сұраққа жауапты өзіміз іштей біліп отырамыз. Олай болса, осы ақпараттық технологиялар тілін қазақыландыруға (қазақыландырылғанын пайдалануға) ұсыныс айтамыз. Ол үшін үш бағытта жұмыс істеуге болады деп санаймыз:

Бірінші, қазақ тіліне толық аударуға келетін, сол әрекеттің қызметін толық түсіндіре алатын атауды іріктеп алу; **екінші**, егер қазақ тілінде

ондай лайықты атау болмаса, өзге түркітілдес халықтардың тілінен қарастыру керек (Бұл А. Байтұрсынұлының идеясы болған кезінде); **үшінші** одан да лайықты балама табылмай жатқан жағдайда шеттілдік сөздерді қазақ тілінің заңдылығына сәйкес аудармай-ақ өзгертіп алу мүмкіндігін пайдалануымыз қажет деп ойлаймыз.

Ғалым А. Жұмаділдаев: «қазақ бәйгеден озамын десе, технократтық елге айналуы керек» деген бір ғана нәрсені айтамын» дейді [13]. Әрине, қазақ елі технократтық елге айналуы керек болса, міндетті түрде технократия тілін жоғарыдағы үш түрлі жолмен қазақшалап отыру керек. Үнемі қазақшалау керек. Себебі күн сайын жаңа техника, сол арқылы жаңа атау кіреді. Мысалы, **компьютер** деген терминді өзге тілде **компютер** деп оқу, айту дәстүрі бар. Біздің қазақ тіліндегі нұсқасы – таза орыс тіліндегі нұсқасы. Егер барлық шеттілдік сөздерді орыс тілінің заңдылығымен айтып, жазатын болсақ, қазақ тілінің ішкі заңдылығы қайда қалды? Қажет болмаса, қазақ тілінің өз лингвистикалық заңдылығы не үшін керек? Міне, осындай сұрақтардан кейін тіліміз өз дербестігін сақтап қалу ойы болса, қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру керек екені дәлелдене түседі. Бұны тек біз ғана айтып отырған жоқпыз. Бізге дейін де талай тіл мамандары айтып келе жатыр. Айтылып келе жатқанына да бір ғасыр уақыт болды. Тек біз ден қоя алмай келе жатырмыз деп ойлаймын. Ал тілдің күш-қуаты мен әлеует-қарамының мүмкіндігі зор екенін таныту үшін тілдің өміршеңдігін лингвистикалық заңдылықтар мен қағидалар арқылы дәлелдеу – бір сәт те естен шығаруға болмайтын мәселе.

Қазақ тілін өзге тілдер секілді (мәселен, орыс тілі) әлемнің тілдік бейнесін жасауға мүмкіндігі мол, кез келген пайда болған жаңа зат пен оның әрекетін атап көрсетуге тілдік мүмкіндігі толық жететін тіл деп санауға болады. Біздің оқытушылық тәжірибемізде немесе лингвист ретіндегі қоғамдағы орнымызды сынау мақсатында кей жағдайларда мынадай мәселелер кездесіп жатады: «Қазақ тілі орыс тілі секілді емес, кей ұғымдардың мәнін толық атауға құзіреті жетпейді. Егер жететін болса, *свежий* дегенді қалай атар едіңіз, *вообще* дегенді аударып беріңізші, *уже* дегенді ше» деген сияқты сұрақтар беру арқылы тұқыртқысы келеді. Кейбіреулер тұқыртуды емес, осы сұрақтарды қоюшылар ізімен қазақ тілін кемсіту мақсаты жоқ бола тұра, сұрайды. Бірақ олар осы сұрақтың астарында жатқан жымысқы ойды аса байыптай бермейді.

Адамзат баласының қажеттілігін өтеуге тілдің құзіреті жетеді. Тек соңғы жылдары техника ғылымдарының дамуына байланысты тілімізге қаншама тілдік бірліктер еніп жатыр. Шеттілдік сөздердің тех-

ника тілінің бірліктері ретінде аудармалары болмағандықтан немесе аударуға қиындық туғызғандықтан, немесе аударғанда мағынасын дәл бере алмаймыз-ау деген қорқыныштың салдары да бар.

Қазіргі кезде қазақ тіліне жанашыр кез келген азамат ұлттық тілдің өміршең бола алуы-алмауы туралы ойланып, дабыл қағуда. Бүгінде ғылым мен техниканың дамуына қатысты ең көп қолданылатын тілдік бірлік – ақпараттық технологияға қатысты атаулар. Себебі қай ғылымды алсаңыз да, өзінің нәтижелерін компьютер арқылы жазады, қағазға түсіреді. Күніне неше рет компьютер құралына отыратын болса, миында сонша рет ақпараттық технология сөздері жаңғырығып тұрады. Ол сөздер тек ана тілінде емес, керісінше компьютер пайда болған тілде немесе орыс тілінде. Міне, осыдан кейін ақпараттық технологияға қатысты атауларды қазақшалау қажеттігі туындайды. Орыстар өз тілдеріне ауыстырып алып, оны өзге орыстілді меңгерген бұрынғы кеңес үкіметі құрамындағы халықтар тілінде қолданып жүрген болса, демек, біздің тілімізде де оны аударып қолдану мүмкіндігі бар деген сөз. Егер осылардың бәрін қазақыландырмайтын болсақ, қазақ тілінің (әдеби тілді айтпағанның өзінде) өміршең болуы неғайбыл болып қалады.

Қазақ тіліндегі ақпараттық технологиялар саласының терминдері қазақ тілінің өміршеңдігіне сөздің құрам толтықтыру жағынан пайдалы болғанымен, ұлттық тіл жүйесіндегі тұрғысынан кері әсерін тигізері анық. Сөз тұрғысынан өзге тілдерде өмір сүру үшін және сол тілге кері әсерін тигізбеу үшін бірінші, ұлттық тілдің өзінен, екінші өзге түркі тілдерінен, үшінші ұлттық тілдің фонетикалық заңдылығын қабылдап кіру керек. Ал, компьютер терминдері синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық жолмен жасалады. Оның ішінде лексика-семантикалық тәсіл арқылы терминдер лексикалық және калька жолымен жасалатындығын байқаймыз.

Техникалық сала құрамындағы омоним-терминдердің салалық оқулықтардағы қолданысында біріздендіруді қажет ететін тұстар бар екені жоғарыдағы мысалдардан дәлелді. Ал бұл жұмыс тек сала маманы мен тілші-ғалымдардың бірлескен жұмысының нәтижесінде ғана мүмкін болмақ. Терминологиялық қорға жаңа атау енгізу үшін, ғалымдар оларды аудару, өз тілінен балама табу, тілдік заңдылықтарға сәйкестендіріп, сол күйінде өзгеріссіз қабылдау сияқты түрлі тәсілдерді таңдауы мүмкін. Терминдерді тұрақтандырудың алғашқы сатысында жасалған қадам сөздің әрі қарай тек сол сала мамандарының ғана емес, ғылыми көпшіліктің де игілігіне жұмсалыуына жол ашады.

Сондықтан да терминдерді тілімізге енгізерде, жан-жақты ойланып, тілші-ғалымдар мен сала мамандарының пікірімен санасып, тұрақтап қалатын терминдер қалыптастыруды мақсат ету қажет.

Ақпараттық технология терминдерін сөздікке емес, дискурсқа түсіру қолға алыну керек. Ол үшін компьютер бетіндегі, ішіндегі бүкіл сөздерді қазақша нұсқасымен жаңа құралдар жасалу керек. Демек, қазақша компьютер. Немесе телефондағыдай тілін ауыстырып алуға болатындай мүмкіндік жасау керек. Міне, осыдан кейін ғана компьютерге қатысты қолданылатын сөздердің бәрін компьютердің өзінде қазақша қолдану ғана біздің тілімізді өміршең етудің бір шарты болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Астана, 2004.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
3. Момынова Б.Қ. Қазақ әдеби тілінің өміршеңдігі // С.Торайғыров атындағы ПМУ Хабаршысы. №3. 2010 ж.- 76 б.
4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
5. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
6. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002. – 112 б.
7. Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: вопросы теории. – М., 1989. – С. 4.
8. Айтбаев Ө. Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел! // Егеменді Қазақстан. – 2003. – № 134 (23344). – 31 мамыр.
9. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 213 б.
10. Шойбекова Ғ.Б. Туынды сөздердің мағыналық ерекшелігі мен уәжділігі (семантикалық тәсіл). Филол. ғыл. канд. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2006. – 28 б.
11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 1974. – 1-т. – 696 б.
12. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік/ жалпы ред. басқ. М.Б. Қасымбеков. Т.3. Информатика және есептеуіш техника. – 2014. – 452 б.
13. <https://baribar.kz/18625/asqar-zhumadildaev-qazaq-tilin-ghylymgha-aralastyruymyz-kerek/>

Алтынбек Әбділманов

*Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

ҰЛТТЫҚ ТІЛ НЕГІЗІНДЕ КОМПЬЮТЕР ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҮЛЕС САЛМАҒЫ

Мемлекет белгілі бір халықтың қалқаны. Сондықтан мемлекетшілдікке апарар бірден бір жол сол ұлттық негізде жатыр. Бұл айтылған пікірдің біздің мәселемізге қатыстылығы да сол – ел үшін игі істе пән сөздері де ұлтқа, сол ұлттың қалқаны болып отырған мемлекетке қызмет етуі тиіс деп ойлаймыз.

Қазақ елі өз тәуелсіздігін алған таңнан пән сөздерінің жаңа бағыттары мен өткен-кеткені туралы сүбелі ойлар қазақтың бүгінгі таңдағы ірі ғалымдарының еңбектерінен айқын көрініс алды. Әрине ол Әбдуәли Қайдар, Өмірзақ Айтбайұлы, Байынқұл Қали және сол аға буынның ісін жалғап келе жатырған Шерубай Құрманбайұлы т.б. әр жастағы ғалымдар.

Мақаламыздың негізгі мәселесіне қарай ойысар болсақ, салалық терминология – қоғамның даму тетігіне айналған тіл. Бүгінгі таңда технология бағытына икемделе білмейінше, маманданбайынша жетістікке жету мүмкін болмай қалды. Сондай тетіктердің бірі компьютер технологиясы болып отыр. Бесіктегі баладан еңкейген қарияға шейін осы технологияның жемісін татып жүр, тіпті қоғам бізді соған мәжбүрлейді десек артық болмас.

Компьютер саласы әлемде ең кенже, ең өзекті, болашақта берер жемісі мол ғылым бағыттарының бірі. Ал оның тілінің дені біздің көзқарасымыз бойынша, ағылшын тілі болып келеді. Десек те бұл технологияны ағылшындардың жапондықтардан, қытайлықтардан асып меңгермегенін де білеміз. Бірақ біздің ақпараттық шегіміз ағылшын одан соң орыс содан қалды қазақ тілі болып отыр. Қалай болғанда да көштен қалмас үшін біз бұл жаңа технологияны етене меңгерсек деген ниеттеміз. Осы орайда компьютер тілі біздің елде қандай, ұлттық негізі бар ма деген сауал бізді қатты мазалады.

XX ғасырдың аяғында-ақ қазақ тіліне компьютер терминдері сала мамандардың, бір жағынан тілші мамандардың еңбектерімен қолданысқа ене бастағаны белгілі. Алғашында электронды есептеуіш

мәшине ретінде, содан кейін информатика атауымен мектеп, арнаулы, жоғарғы оқу орындарында пән ретінде қазақша оқытылды, солай жалғастырылып келеді. Бұл арада айта кетер басты жайт пән сөздерінің тұрақтануы (унификация) мен таралуында (узуализация) статикалық (баспа) материалдарының, оқытылу үдерісінің маңызы зор. Саланы дамытушы маманның тілі – қоғамға салалық тілді жеткізетін асыл арна. XX ғ. аяғы тоқсаныншы жылдары компьютер тілін оқытуға арналған оқу құралдары мен оқулықтары алға қойылған бұл міндетті айтарлықтай жақсы атқарды. Әсіресе Балапановтың еңбектерін атап көрсетуімізге болады. Сол мекетеп оқулықтарының өзінен-ақ біз *перне, пернетақта, саймандар тақтасы, терезе, жады, жанама мәзір* деген сияқты кәдімгі қазақша терминдердің қатарын көре алдық.

Қазіргі қазақ тілінде бой түзеген компьютер терминдерінің терминжасамдық бағыты, сөзжасамдық тәсілдерді қолдану реті турасындағы ғылыми ақпараттарды шолғанымызда, бұл мәселеге ғалым Ш.Құрманбайұлының өзгелерге қарағанда тереңірек барғандығы қазақтың қалың сөзжасамының ішінен терминжасам қағидаттарына етене көңіл бөлгендігін, олардың елеп-екшеп көрсетуге тырысқандығын көре алдық. Соның ішінде компьютер терминдерінің де аналитикалық /синтаксистік/ (*гипермәтін, ая түсі, бос жол, жедел жад т.б.*), синтетикалық /морфологиялық/ (*батырма, жүктеуіш, сүңгіме, құрылғы т.б.*), лексикалық (*дискі, модем, код, блютуз т.б.*), семантикалық (*жою, арна, желі, бет, беттеу т.б.*) терминдерінің бар екендігін де өз зерттеулерінде тұщымды оймен жеткізе білген Ғ.Б.Шойбекова, Ж.Ә.Абдрахманова, А.Б.Насырғазының пікірімен жеткізгіміз келеді. Салада калькілеудің яғни өзге тілден көшірудің түрлі жолдарымен терминдер қалыптасып жатырғанын да жан-жақты сөз етілген. Демек байқағанымыздай саланың тілі зерттелмей жатыр, назардан тыс қалды дегенді айта алмаймыз. Керсінше, сала тілі мамандарының жіті бақылауында екендігі анықталып отыр.

Алайда бізді алаңдатар басты тағы бір жайт – сала терминдерінің өрісі мен өресі. Көп жағдайда ұлттық тілде термин қалыптастыру дегенде сол тілдегі сөздердің сыртқы пішініне сай, түрі келетін лексикалық бірліктен сөз сайлап алу деп қабылдайтындар аз емес. Десек те сөздің өз орнында, өз мағынасында өз сәнінде болуы ең маңыздысы. XX ғасырдың басындағы Ақмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының көкsegені де осы еді. Пәнсөздері ғылым-білімді игеру үшін жұмыс жасауы тиіс. Ал егер ол ондай қызмет атқара алмаса, білімді игеруде, мамандықты меңгеруде өзге тілдің

терминдеріне жүгінер болсақ, онда біздің терминдеріміз өз қызметін толығымен атқара алмағаны болып шығады. Сондықтан терминнің төңірегін айнабұлақ, жұмыр болуы тиіс. Қайта келіп сол баспа материалдарына, оқу-білімге қайта ұрындық. Демек, пән сөздерінің қолданысқа енуінің қайнары да осы жерде болса керек. Білім мен білік ұлттық тілде берілгенде ғана тіл ойлау тілі ретінде жұмыс жасайды. Ал біз айтып отырған пән сөздері сол ойлау шеңберінде ғана өз маңызына, мәніне ие бола алады. Сол тұста толық термин деп бағаласақ дұрыс. Бұдан тыс ол ұғым атау ретінде өмір сүруі мүмкін емес. Егер біз ғылыми ойды тұтас ұлттық тілде өрбіткіміз келсе, ең алғаш берілетін білім мен білік те тілде болуы шарт. Ендігі мәселе білім мен білікті, арнайы ғылыми ойды берер сөз табылмаса, қайтеміз дегендей болуы мүмкін. Бұл жағдайда, әрине, жоғарыда келтірілген терминжасамның барлық тәсілдерін емін-еркін пайдалануымыз керек. Соның ішінде *телу*, *ұқсату*, *балалу* сияқты жолдарға құрылған тәсілдерге басымдық берген дұрыс деп санаймыз. Өйткені бұл пішіндегі терминдер салалық білім беруде ұлттық өрісті сақтап, тыңдаушысының ой өресінің ұлттық негізде өрбуіне жол ашады.

Ерекше атап көрсететін тәсілдің бірі көшірме (калька) тәсіл. Кез келген көшірудің ізі қалады. Көшіру дегеніңіз өзгенің ой-санасын қайталау деген сөз. Көшірген сәтте өзге тілдегі танымдық (когнитивтік) ерекшелік те еркін енеді. Сондықтан бұл тәсіл ұлттық тілде ойлаудың арнасын не кеңітетін не тарылтатын, өзге бағытта өрбітетін әлеуеті бар екендігін де жақсы түсініп ескеруіміз керек.

Бүгінгі таңда тілімізде компьютерге қатысты орыс не ағылшын тіліндегі қалпын сақтап қолданылып жүрген терминдер саны аз емес. Әдетте, тілге ешбір өзгеріссіз еніп жат сипатын жоймаған сөздерді орыс тіл білімінде «варваризмдер» дейтін еді. Немесе біздің түсінігімізде «басқыншылар», «таптаушылар» десек болар. Кейбір ғалымдар бұндай терминдерді «халықаралық» деп атап ерекше мәртебе бергілері келеді. Дұрысында «халықаралық» дейтіндей сипат мүлде жоқ, ондай ұғымды ойлап табудың өзі де о баста қате болған. Ешқандай сөз дәл сол төркін тілдегідей пішінді, грамматикалық ерекшелікті сақтап «халықаралық» бола алмайды, тек ұғым ортақ болып, ал сөзде жекелеген семалық белгілері сақталуы ғана мүмкін. Дербес халықтың сөзін шектеп, белгілі әлеуетті халықтың сөзімен айтқызуға ешбір ұйымның құқы жоқ. Бұл геосаяси амал ғана.

Мәселе бізге бейтаныс жаңа ұғымды танып білуде қандай лексикалық-бірлікпен атауда болып отыр. Өзге тілден үздіксіз еніп жатырған салалық

ұғымдардың сансыз атауларына жедел балама табу, оған халықтың құлағын үйрету оншалықты оңай шаруа емес. Қисыннан үздіксіз жаңа сөз туғыза беру де мүмкін еместей көрінеді. Әрине тілімізде мағынасы жанасатын сөздерді балап, теліп, ұқсатып алып жатырғанымыз сөздің әлеуеті жетіп тұрақтанып жатса құба құп. Бұл мағынаның кеңеюі деп бағаласақ болады. Ондай лексикалық бірліктер аз да емес. Мәселен, *баған, перне, мәзір, жедел жады* т.б. Десекте үсті-үстіне жаңарып туындап жатырған жаңа компьютерлік ұғымдармен бірге жат тілдік атаулар толассыз тілімізге енуін қалай реттесек болар еді? Сөздердің тілімізге еркін енуімен қатар олардың өз мақамдары мен айту мәнерін, ырғақтарын бірге ала келетіндігі тағы бар. Яғни кірме сөз өз төркінін сақтаған сайын сол тілдің айтылу мәнері мен мақамын жоймайды. Сол арқылы ұлттық тілді, ұлттық тілде ойлау жүйесін бұзады деген қорқынышты да ашық айтқымыз келеді. Мәселені жан-жақты қарай отырып ұлттық негіздегі терминжасамның өзге де жолдарын қарастырғымыз келеді.

Бұл ретте ХХ ғасырдың басында пәнсөздері төңірегінде терең ойлана білген зиялы азаматтардың пікірлері асыл көрінеді. Оның ішінде жат тілден сөз алуда тек негізгі түбірін ғана оны да дыбыстық өзгеріске түсіріп алуымыз қажет, ал қалған қосымша бөліктерін мүлде қабылдамау керек дегені әлі күнге өзекті санаймыз (Қ.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы). Бұл тәсіл қазақ тілінде жартылай орындалып та келді. Мәселен, материалдық, компьютерлік деген сөздерде қазақ тілінің қосымшалары қолданылса да, сөз дыбыстық тұрғыдан, құрылымдық жағынан толық сынбаған. Бұл жолда А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылар сөз сындырып қолдануды тәжірибеге алып көрген. Мәселен, Қ.Кемеңгерұлының 1931 ж. «Атаулар сөздігінде» (*ғаз, лінзі, бөреңке, галбен батарейі, ғауын, гаммі, мәшине*), Н.Қаратышқанұлының 1927 ж. «Пән сөздерінде» (*кәбел, кәпсәл, кемесие, лабаратыр, линзі, лұпа, қылор*), бәлкім сол кездің ауызекі сөйлеу тілінен алынған болуы мүмкін, орыс тіліндегі сөздерді дыбыстық өзгеріске түсіріп, қазақы мақамда берілген. Десекте бұл жол ұзақ болды дей алмаймыз. Бірен сөздер болмаса (кереует, самаурын, бәтеңке, сома, шот, нөмір т.б.), жалпы әдеби тілдің ортасынан бұндай сөздер ығыстырылып тасталды. Бұған сыртқы саяси ықпалдың болғанын да жоққа шығара алмаспыз. Тілді ресми тәртіпке келтіру, орыс тілінің негізінде жүйелеу сияқты о бастағы ұлттық негіздегі зерттеу-зерделеуден мүлде өзе күрделі игере зерттеу жұмыстары басталып кетті.

Тіл толық мағыналы сөздерден, көмекші сөздерден құралады. Ал олар өз кезінде сол тілде ойлау жүйесінің құралы болып келеді. Егер ойлау

жүйесінің құралы жат сөздермен оралатын болса, ұлттық тілде айқын ойлау болмайды. Ой шұбарланады, көмескіленеді. Анық болмаған соң, тіл тұтынушы, өзіне түсінікті жүйеге көшуі ықтимал. Бұған мынандай мысал келтірейік, қазақша оқып білім алған, қазақша еркін сөйлейтін азамат компьютерге қатысты ақпаратты қазақшадан гөрі, орысша оқуға бейім келеді. Неге? Өйткені оның санасы жүйедегі барлық сөз-құралдарды таниды (қазақ тілі арқылы), ал орыс тіліндегі тілдік жүйеде әр бірілік өз орнында болғандықтан әлде қайда қолайлы, тез түсіне алады. Бұны мойындауымыз керек. Алайда тіліміздің өсіп-өркендеуіне бұл үрдістің еш пайдасы жоқ. Керсінше, кері кету болып табылады. Осы орайда назарға алатын тағы бір мәселе терминнің ойлау белгісі ретінде тілге енуі. Салада орын алған термин жай ғана сөз қатарын толыстырғаны жеткіліксіз, жаңа сөз ойлау тетігі болуы маңызды. Өкінішке орай салада түрлі статикалық амалдармен енгізілген жаңа терминдеріміздің ел-жұрттың тілінде қызмет етуі төмен дәрежеде. Яғни тұрақтануы, көпшілік мамандар тарапынан танылуы баяу жүргізіліп келеді. Маманның тілі – сала тілінің бірден бір көрсеткіші. Бұл орайда сала маманының кәсіби тіл мәдениеті турасында да ой қозғауға болады. Маман ұлттық негіздегі терминдермен күнделікті жұмыс жасағанда ғана сол терминнің жүйеде орныққанының көрсеткіші. Ал егер олай болмаса, жаңа термин жасандылық танытып тайқып тұрады. Ондай терминдер компьютер терминдерінің арасында да жоқ емес. Мәселен, біздіңше тәп-тәуір *тінтуір (мышка)*, *сақтағыш (флешка)*, *бума (папка)*, *пернетақта (клавиатура)* сияқты терминдер өз орында қоғамда өте сирек қолданыс тауып жүргенін аңғарып жүрміз. Керсінше маманның не жай компьютер қолданушының күнделікті тілінде «*курсив жазу*» (*көлбеу жазудың орнына*), «*жирный қылып жазу*» (*қанық қылып жазудың орнына*), «*загрузитта*» (*жүкте сөзінің орнына*) деген сияқты қойырпақ тілдегі ақпарат алмасуды жиі естіп жүрміз. Яғни ауызекі сөйлеу стилінде терминдердің тұрақты қолданылу деңгейі өте төмен екендігін көре аламыз. Ал терминді тұтынушы дұрыс қабылдамаса, оны белгілі бір салаға мамандануда етене қолданбаса, салалық ғылым да, білім де дамымайды, дамыса да қазақ тілінен іргесін алшақ сала беретіндігі ақиқат.

Бұрынғы кеңес үкіметі аумағындағы елдердің ақпараттық кеңістігіндегі компьютер терминдері негізінен ағылшын тілінде өрбіп, өсіп отыр. Олардың ағынынан тіпті орыс тілінің зардап шегіп отырғанын көріп отырмыз. Соңғы он-он бес жылда орысша емес тура ағылшын тіліндегі терминдер мен терминбөлшектердің артып отырғаны байқалады. Мәселен,

DVD, sms, CD, USB. Delete, ctrl, HDMI, HDD, skip т.б. Бұл мысалдардың дені, көріп отырғаныңыздай, қысқарған сөздер. Қысқарған сөзден құралған термин атаудың бір ерекшелігі – шарттылығының басымдылығы. Сөздер тізбегі код деңгейіне ойысқан. Ал код болып қабылданған сөзге балама табудың, не аударудың өте қолайсыз, тіпті тиімсіз тұстары да бар. Бұл арада шарасыздық танытып, жат тілдік терминбөлшектерді, қысқарған сөз терминдерді реттеуден бас тарту керек деген сөз емес. Керсінше амалын тауып, әріптік сәйкестік тауып бұндай терминдерді стандарттауды қолға алу маңызды жұмыс. Яғни ұлттық негіздегі терминдерді терминологиялық мемлекеттік стандартқа енгізу мәселесі қозғалуы тиіс. Бұл мемлекеттік терминологиялық комиссияның жүйелі жұмысының нәтижесі болуы шарт.

Қорыта айтқанда, компьютер терминдерінің қазақ тіліндегі ұлттық сипаттағы негізгі қоры қалыптасқан. Сала тілі қазақ терминжасамының жүйесінде орын алғандығын анық айта аламыз. Алайда сала тілінің маман тілі ретінде кең құлаш таралуы, сәйкесінше ұлттық негіздегі терминдердің күнделікті, практикалық қолданыста өте төмен дәрежеде екені ғылыми ортаны, сала мамандарын қатты алаңдататын мәселе екендігін көрсетуіміз керек. Өзге сала тілі терминдеріне қарағанда ақпараттық технология саласының терминологиялық өрісі орыс тілі мен қоса ағылшын тілімен етене байланысып жатқандығы салалық терминологияны дамытудың жаңа, өзгеше тәсілдерін ойластыру қажет екендігін де аңғартып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тіліндегі терминжасам тәсілдері арқылы жасалған компьютер терминдері /Шойбекова Ғ.Б., Абдрахманова Ж.Ә., Насырғазы А.Б., Фил. Сериясы №1(177) 2020
2. Атаулар сөздігі. – Алматы: Сөздік, 2004.-184
3. Қаратышқанов Н. Пән сөздері. – Терминологиялық сөздік. – Алматы: Ер-Дәулет, 2004 -128
4. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сііезі. –Алматы, 2005. -144

Ақтоты Шайқұлова

*Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және
байланыс университеті, Ақпараттық
қауіпсіздік жүйелері кафедрасының доценті,
техника ғылымдарының кандидаты*

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ САЛАСЫНДА ТЕРМИНДІК ҚОРДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ақпараттық технология саласы үнемі даму үстінде, кешегі программа бүгін моральдік жағынан ескірді. Күн сайын жаңа ақпараттық қызмет көрсету, жаңа ақпараттық өңдеу технологиялары өмірге келуде.

Барлық қызмет салаларында ғылыми-техникалық аудармаға деген сұраныс артып келеді және аудармашының жоғары біліктілігін талап етеді.

Техникалық мәтіндер маңызды ақпарат тасымалдайтын көптеген терминдерге толы. Терминдерді қолдану және аудару кезінде пайда болатын дәлсіздіктер мен қателіктер түрлі саладағы мамандар арасында бір кәсіби салада түсініспестік пен дау туғызары сөзсіз. Бір ғана білім беру саласын алар болсақ, еліміз тәуелсіздік алған жылдары көптеген оқу орындарында, әсіресе техникалық білім беретін оқу орындарында сабақ орыс тілінде жүрді. Нақты дәлел келтіретін болсақ, Алматыдағы Политехта (қазіргі Қ.И.Сәтбаев атындағы университет) АТ бойынша алғашқы қазақ топтары 1989 жылы ашылды. Материалдар орыс тілінде болғандықтан, алғашқы қазақ топтарының студенттері сабақ оқи жүріп, аударма жасаумен айналысты. Ол кезде арнайы терминдер аудармасы болған жоқ, бірақ АТ саласындағы терминология сол кезде өмірге келді деуге болады (Сарыпбеков Ж.С., Ченсизбаев Б.А., Ахметова С.Г., Налибаев Ж.Б. Русско-казахско-английский терминологический словарь по информатике и вычислительной технике. Алматы, 2007. – 304 с).

Оған дейін 1978 жылы Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясынан шыққан (редакторлары Сауранбаев Н. Т., Мусабаев Г. Г.) шыққан екі томдық Орысша-қазақша сөздік кең қолданысқа ие болатын.

Жалпы тіл мәртебесіне Еліміз тәуелсіздік алғалы ерекше көңіл көлініп, көптеген істер тындырылуда. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан Терминологиялық комиссия құрылды, сол Терминологиялық

комиссияның отырыстарында мақұлданған терминдер Терминологиялық хабаршы жинағына шығарылып келді, әрі баспасөз беттерінде жарияланып та жүрді. Қазір Терминкомның арнайы сайты жұмыс істеп тұр, онлайн-аудармашылар көбейді.

Соған қарамастан АТ саласында терминдер аудармаларына байланысты мәселелер әлі күнге өзектілігін жоймай келеді.

Ақпараттық технологиялар саласындағы қолданыстағы терминдерге шолу

Академик, Педагогикалық ғылымдар академиясының президенті Асқарбек Құсайынов / Сурет <http://tilalemi.kz> сайтынан

– 1999-2000 жылдары, елімізде алғаш рет, Қазақша-орысша, орысша-қазақша салалық терминологиялық сөздіктердің 31 томдық топтамасы жарық көрді.

2012-2014 жылдары Педагогикалық Ғылымдар Академиясында Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктердің 30 томдық топтамасы дайындалып, басылды. 1999-2000 жылдары шыққан сөздіктердің әрқайсысында шамамен 5 мың термин болса, бұл сөздіктерде 10-12 мың термин болды. Бұл сөздіктерді жасауға 450-ге тарта сала ғалымдары мен мамандары атсалысты.

Бекітілген атау сөздер (терминдер) неге пайдаланылмайды?,- деген сұраққа былай жауап береді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминологиялық комиссиясының бекітуге ұсынатын терминдерінің кемшілігі де жоқ емес.

1. Кей терминдерге жәй халықтың тілі келмейді немесе дұрыс жаза алмайды.

2. Әркімнің қолында арнайы сөздіктер болмаған соң іздемейді және іздеуге уақыты да жоқ.

3. Интернет желіні пайдалануға мүмкіндік аз. Толық түсіндіру жұмысы жүргізілмейді.

4. Қазақы тәрбие алып, көшпенді ғұмырды көрген қазақтар үшін не үндестік заңына бағынбаған, не қазақ сөз табиғатына бейімделмеген сөзді дұрыс айту қиын.

5. "Халықаралық термин" деген атпен қолданысқа енгізілген атау сөздердің жазылуы мен айтылуы орыс тілінің табиғатына бейімделіп, қазақ тіліне өзгеріссіз әкелініп жатыр.

6. Бекітілген сөз халықтың танымына сіңіскенге дейін ерсі сезіледі. – дейді академик.

Тіл жанашыры, мәдениеттанушы, журналист Серік Ерғалидың пікірінше:

Қарастырылған терминдер субъективтік сипаттан әріге аса алмайды, бекітілген терминдер лингвистикалық ортаның сенімінен шыға алмай, көбіне күмән мен дау тудырады.

"Қазақша сөз жазушыларға" деп аталатын мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы: "...Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ" – деп жазады.

Мәдениеттанушы, тіл зерттеуші, журналист Серік Ерғали:

"Ориентир" – "бағдар" сөзі арқылы қазақ тілі "ориентировка" ұғымын беретін "бағдарламадан" қағылып қалды. Бұған дейін "аялда" етістігінен "аялдама" зат есімін тудыру қалыптасқан үдеріс болса, енді кемінде 6-7 салалық мағынасы бар "программа" сөзін бір ғана "бағдарламамен" баламалау тәжірибесі пайда болды.

"Бағдарлама" сөзі – белгілі бір бағытты жалпылама түрде бетке алу мүмкіндігі болса, "программа" ұғымы – нақты тәсілдер мен мүмкіндіктер қарастырылған қойылған мақсатқа, межеге нақты жету жолы болып табылады.

Том-томдап сөздік шығаратын заман емес. компьютерде, телефонда, гаджетте қолданылатын программалық қамтама жасау керек,-дейді Серік Ерғали.

Нақты күн тәртібіндегі мәселелерге келетін болсақ Ақпараттық технология саласындағы терминдерде әлі күнге бір терминді қазақша бірнеше нұсқада қолдану жиі кездеседі. Оған дәлел: Қарапайым **«мышканы»** алайық. Терминком бекіткен сөздіктегі атауы **мінтуір**, ал өмірде оны **тышқан** деп жиі қолданады.

16 авг. 2015 г. - Пуск батырмасы – бұл батырманы басқаннан кейін жүйенің бас ... Ал қосымша батырмаға тышқанның оң жақ батырмасы жатады.

bagdar.info > saba-kni-simbi-s... > Перевести эту страницу

Есептер тақтасы - Сабақ Күні Сыныбы Сабақтың ...

Пуск батырмасы – бұл батырманы басқаннан кейін жүйенің бас менюі пайда ...

Тышқанның оң жақ батырмасын шерту деп тышқанның нұсқағышын ...

studopedia.info > ... > Перевести эту страницу

Студопедия — CtrlAltDel пернелер комбинациясын басу

Объектіні ағымды жасап, CtrlB пернелер комбинациясын басу. 5. Тышқанның оң жақ

батырмасымен объектіні шертіп, "Қасиет" командасын таңдау. 157.

g.engime.org > informatika-pe... > Перевести эту страницу

A. жүйелік ПЖ - Информатика пөнінен тәстілік тапсырмалар

21 нояб. 2017 г. - A. Тышқанның оң жақ батырмасын басу. B. Тышқанның сол жақ ... E.

Контексті менюді шығарып, тышқанның батырмасын басу. \$\$\$ 7.

engime.org > eserteuush-tehni... > Перевести эту страницу

IV. Тышқанның оң жақ батырмасын шерту - engime.org

11 февр. 2020 г. - Тышқанның көрсеткішін Открыть командасына қойып, оның сол жақ

Курсор, меңзер – ИВТ саласы бойынша меңзер болып бекітілген, Википедияда мынадай түсінік берілген:



Курсор:

- Курсор — экранная пометка (различают курсор мыши и текстовый курсор, также внешний вид курсора может передавать состояние системы);
- Курсор в базе данных — ссылка на контекстную область памяти.

АТ саласында ол меңзер болса, Деректер қорымен жұмыста ол меңзер емес сілтеме болмай ма?!

Электроника, радиотехника и связь бөлімінде – ЖҮГІРТПЕ, ал Культура и искусство бөлімінде – СІЛТЕР деп аударылады.

Мәдениет және өнер саласындағы курсор деген не?,- деген сұраққа Google былай жауап береді:



<https://chrome.google.com/webstore/detail/custom-cursor-for-chrome/ogdlpmhglprejoiomcodnpjngfcpmgale?hl=ru> 23.05.2020. 10:52

АТ мен Мәдениет саласындағы курсордың айырмашылығы неде? деген сұрақ туындайды.

Экран – экран (ТК)

Қолданыста АҚПАРАЛҒЫ түсінігінің кең таралып кеткендігін байқауға болады, мысалы

stud.kz > referat > show ▾ Перевести эту страницу

[Word редакторы жайлы | Скачать Материал - Stud.kz](#)

кезде **ақпарат** бетінде WORD редакторының терезесі шығады. Терезенің жоғарғы жағында WORD редакторының менюлері көрінеді. Меню мынадай ...

stud.kz > referat > show ▾ Перевести эту страницу

[Word редакторы | Скачать Курстық жұмыс - Stud.kz](#)

Бағдарламаны жұмысқа қосқан кезде **ақпарат** бетінде WORD редакторының терезесі шығады. Терезенің жоғарғы жағында WORD редакторының ...

zharar.kz > jospag ▾ Перевести эту страницу

[Құжатты баспаға шығару - Zharar.kz](#)

WORD жүйесін жұмысқа қосқаннан кейін **ақпарат** бетіне. Жаңа құжатты ашқаннан кейін жұмысты жаңа үйренген адам. Өрі қарай сіздің құжатпен ...

Кнопка – түймешік

Клавиша - перне

Кнопка- батырма

Клавиатура - пернетақта

Программное обеспечение - бағдарламалық жасақтама, бағдарлама қамтым, бағдарламалық қамту (2019 жылы бекітілген термин) болып аударылған. Оның жанында бұл сөздерді Яндекс ПЕРЕВОДЧИК дұрыс аударған секілді - **бағдарламалық қамтамасыз ету**.

РЕЗУЛЬТАТЫ ПОИСКА —

№	Название на казахском	Название на русском	Категория
1	Базалық программалық қамтым	Базовое программное обеспечение	Информатика и вычислительные техники

Выберите категорию ▾ программное обеспечение 🔍 Найти

РЕЗУЛЬТАТЫ ПОИСКА —

№	Название на казахском	Название на русском	Категория
1	бағдарламалық жасақтама, бағдарлама қамтым, бағдарламалық қамту	программное обеспечение	2019 жылы бекітілген термин
2	бағдарламалық қамтым (ақпараттық технология)	программное обеспечение	2006 жылы бекітілген термин
3	Бағдарламалық қамтым	Программное обеспечение	Сборник утвержденных терминов
4	Бірлескен программалық қамтым	Совместное программное обеспечение	Информатика и вычислительные техники

Химия-да СНАРЯЖЕНИЕ де Жасақтама болып аударылады.

Базы данных – деректер базасы деп аударылған, неге Деректер қоры болмасқа?!

Базы знаний - білімдер базасы (философия саласы бойынша БІЛІМДЕР ҚОРЫ) болып отыр, АТ терминологиясында Білімдер қоры болса қате бола ма?

Операциялық жүйелер – операциялық жүйелер болып бекітілген. Бірақ қолданыста ОПЕРАЦИОНДЫҚ ЖҮЙЕ деген тіркестердің жиі кездесетінін байқауға болады.

rpt-online.org > ... > Перевести эту страницу

Операциондық жүйе - презентация онлайн - ppt Онлайн

Операциондық жүйе дегеніміз не. Жүйені жүктеу. Жұмыс столы және жарлықтар. Есептеу панелі. Терезелермен жұмыс. Басты меню. Басты менюдің ...

lib.kstu.kz > ITB > теория > лек6 > Перевести эту страницу

6. Операциялық жүйелер мен желілердің негіздері

Бағдарламалық қамтамасыздандыру деңгейлері: базалық, жүйелік, қызметтік, қолданбалы.

Операциондық жүйе – желісілермен қамтамасыз ететін ...

Сеть - Желі

Линия – желі (2016), торап (2007)

Информатика и вычисли

вычислительная сеть

Найти

РЕЗУЛЬТАТЫ ПОИСКА

№	Название на казахском	Название на русском	Категория
1	ЖЕТ Жергілікті есептеу торабы	ЛВС Локальная вычислительная сеть	2007 жылы бекітілген термин
2	ЖЕТ Жергілікті есептеу торабы	ЛВС Локальная вычислительная сеть	Сборник утвержденных терминов
3	Есептеуші тор	Вычислительная сеть	Информатика и вычислительные техники
4	Тәңірелікті есептеуші тор	Локальная вычислительная сеть	Информатика и вычислительные техники
5	Есептеуші желісі	Вычислительная сеть	Статистика, стандартизация и интеллектуальная собственность
6	Жергілікті есептеу желісі	Локальная вычислительная сеть	Статистика, стандартизация и интеллектуальная собственность
7	жергілікті есептеуші желі	локальная вычислительная сеть	Делопроизводство и архив

Доступ к информации - Ақпаратқа қолжетім деп аударылған. Бұл қаншалықты дұрыс. Неге ақпаратқа қол жеткізу деп аудармасқа.

Доступность – қолжетімділік деп әдемі аударылған.

РЕЗУЛЬТАТЫ ПОИСКА

№	Название на казахском	Название на русском	Категория
1	Ақпаратқа қолжетім	Доступ к информации	Информатика и вычислительные техники

Мынадай аудармаларды Термиинком қалай бекіткен:

Подпрограмма (Ішкі программа болу керек деп ойлаймын) – *кіші программа*.

Настройка программы – *программаны теңшеу*.

Іздей берсең осындай екіұшты аудармалар жиі кездеседі және ол аудармалардың тәжірибе жүзінде басқа баламаларының жиі қолданылатынына көзіміз жетіп отыр.

Ақпараттық технологиядағы қауіпсіздікке байланысты терминдерге шолу

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, өңделетін, берілетін, сақталатын деректер көлемінің өсуі – оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігін тудырып отырғандығы белгілі.

Осыған байланысты ақпараттық қауіпсіздік проблемалары (АҚ) өзектілігі мен маңыздылығы мынадай факторларға негізделген бірінші дәрежелі мәнге ие болады:

- * әртүрлі қызмет салаларында қолданылатын дербес компьютерлер (ДК) паркінің жоғары өсу қарқыны және соның салдарынан есептеу желілері мен ақпараттық ресурстарға тікелей қол жеткізе алатын пайдаланушылар шеңберінің күрт ұлғаюы;

- * ДК және басқа да Автоматтандыру құралдарының көмегімен жинақталатын, сақталатын және өңделетін ақпарат көлемін ұлғайту;

- * заманауи қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін аппараттық-бағдарламалық құралдар мен технологияларды қарқынды дамыту;

* ақпаратты өңдеу құралдарының қарқынды дамуының және ақпаратты қорғаудың қажетті деңгейін қамтамасыз ететін халықаралық стандарттар мен құқықтық нормаларды әзірлеудің АҚ теориясын пысықтаудың сәйкес келмеуі;

* өзінің идеологиясы бойынша АҚ-ның жеткілікті деңгейін қамтамасыз етпейтін интернет желісі базасында желілік технологияларды жаппай тарату, бірыңғай ақпараттық-коммуникациялық әлемдік кеңістік құру.

Жоғарыда көрсетілген факторлар АҚ-ның жеке тұлға, қоғам және мемлекет деңгейінде қауіп-қатерлерінің белгілі бір спектрін құрады. Олардың едәуір бөлігін бейтараптандырудың құралы АҚ теориясы мен ақпаратты қорғау әдістемесін қалыптастыру болып табылады.

АҚ ақпараттық қоғамда маңызды орын алып отырғаны белгілі. Олай болса Қазақ терминологиясында тағы бір сала пайда болды және ол ерекше назар аударуды талап етеді деген сөз.

Ол терминдер қайдан келді, қалай пайда болды?

Есептеу техникасының пионерлері:

Чарльз Бэббидж – үтірден кейін 8 таңбалы сандарға дейін есептейтін калькуляторды, 20 таңбалы сандармен жұмыс істейтін автоматты, заманауи компьютердің алғашқы прототипін ойлап тапқан;

Ада Лавлейс – ағылшын математигі, компьютерлік программалаудың пионері;

Алан Тьюринг ағылшын математигі, Тьюринг машинасын ойлап тақып;

Норберт Винер – американдық математик, кибернетика және жасанды зерде ұғымын өмірге әкелген;

Бертінде Intel америандық корпорациясы (12 МГц жұмыс жиілікті жаңа 80386 процессорын ұсынды),

IBM корпорациясы - OS/2 операциялық жүйесінің алғашқы нұсқасын әзірлеген;

Microsoft – Билл Гейтс Basic тілінің интерпретаторын 1975 жылы құрастырған;

ССРО-да 1950 жылдары БЭСМ, БЭСМ-2, М-20, БЭСМ-6, Эльбрус сериясындағы ЭЕМ жобалары жасалған (IBM-360 американдық машиналар сериясымен ұқсас);

Бұл елдер қазіргі кезде де АТ саласында көшбасшы. Олай болса АТ саласында қазақ тілінде жат терминдердің пайда болуы заңды.

Негізінде, орыс тіліндегі терминдер негізі шеттен енгендіктен, оның түпнұсқасы — ағылшын тіліне зер салған дұрыс тәрізді.

Терминком бекіткен көптеген терминдер қолданушылар тіліне

жатық, оны түсіндірме беріп, талдап жатудың да қажеті жоқ. Мысалы,

Защита информации	ақпаратты қорғау
Информационная безопасность	ақпараттық қауіпсіздік
Доступность информации	ақпараттың қолжетімділігі
Доступность	қолжетімділік
Целостность	тұтастық
Конфиденциальность информации	ақпараттың құпиялығы (неге бір жерлерде құпиялылығы?)
Право доступа	қол жеткізу құқығы
несанкционированный доступ	Рұқсатсыз қолжетімділік
Уязвимость	осалдық, осалдылық
Пароль	құпиясөз
Антивирус	антивирус
Резервное копирование	резервтік көшіру
Межсетевой экран	желіаралық экран
Экран	экран
Аудит	аудит
Верификация	верификация
Дайджест	дайджест
Журналирование	журналдау
Злоумышленник	қаскүнем
Искажение в тексте	мәтіндегі бұрмалану
Регламентация	регламенттеу

Информатика и вычисли

антивирус

На

РЕЗУЛЬТАТЫ ПОИСКА

№	Название на казахском	Название на русском	Категория
1	Антивирустық программа	Антивирусная программа	Информатика и вычислительные техники
2	Вирусқа қарсы	Антивирус	Медицина
3	Антивирус	антивирус	Бытовое обслуживание, пищевая промышленность

Бірқатар терминдерді көпшілік талабынан шығады деу қиын.

Физическое похищение вредоносных кибератак қалай аударылар еді?
секретный – құпия ТК конфиденциальный – құпия, жасырын
Шифрование -

РЕЗУЛЬТАТЫ ПОИСКА

№	Название на казахском	Название на русском	Категория
1	Шифрлау	Шифрование	Математика
2	Ашық кілттермен шифрлеу	Шифрование с открытыми ключами	Информатика и вычислительные техники
3	Жабық кілттермен шифрлеу	Шифрование с закрытыми ключами	Информатика и вычислительные техники
4	Шифрлеу	Шифрование	Информатика и вычислительные техники
5	Өтпелі шифрлеу	Сквозное шифрование	Информатика и вычислительные техники

Дешифрование

Информатика и вычислительные техники ✓

Дешифрование

Найти

РЕЗУЛЬТАТЫ ПОИСКА

№	Название на казахском	Название на русском	Категория
1	Дешифрлеу	Дешифрование	Электроника, радиотехника и связь
2	Фотосуреттер шифрын ашу	Дешифрование фотоснимков	Военные действия

Терминком сөздігінен табылмаған сөздер:

Собственник информации

Владелец информации

Правило доступа қолжетімділік немесе қолжеткізу ережесі (Яндекс ПЕРЕВОДЧИК кіру ережесі деп аударады. Осы аралықта қолданушылардың көпшілігі Терминком сөздігін білмеуі де мүмкін)

Нарушитель информационной безопасности не деп аударылар еді. Тура аудармасы – ақпараттық қауіпсіздікті бұзушы. Бұл қаншалықты дұрыс?

киберпреступность комплекса қалай аударылар еді?

вредоносных программ – зиянды программалар (зиянкес программа деген қалай?)

АТ саласындағы терминдердің бір тобын іріктеп,
олардың аудармаларын талқылауға ұсынамын:

Ұсыныстар:

Термин	Қолдануға ұсынылатын нұсқа	Wikipedia-дан алынған түсіндірмелер
Администратор защиты (безопасности) информации	Қорғау (қауіпсіздік) администраторы	Латынша <u>administrator</u> Әкімші - ТК
Анонимус	Анонимус	Ағылш. Anonymus, [ə'nonɪ.məs]; «анонимді», «аноним», «аты жоқ»
Бэкдор	Бэкдор	Ағылш. back door — «чёрный ход», «артқы есік») — арнайы кірістірілетін алгоритмдегі ақау
Биткоин	Биткоин	(ағылш <i>Bitcoin</i> , <i>bit</i> — бит және coin — монета)
Вредоносная программа	Зиянкес программа	
Дешифрование	Шифрды ашу немесе кері шифрлау	ТК-Дешифрлеу
Информативный сигнал	Информативті сигнал	ТК-Ақпараттау
Имитовставка	Имитоендірме	шифрлау байланысы жүйесін немесе басқа криптожүйені жалған деректерді таңудан қорғау. Деректерді рұқсатсыз өзгерістер енгізуден қорғау, басқаша айтқанда, хабарламаның бүтіндігін қорғау. Қосымша код қосу арқылы іске асырылады
Крэкинг	крэкинг	программалық қамтаманы бұзудың жаргондық атау, ағылш cracking, crack — расщеплять)
Кибератака	кибершабуыл	

Кибератака	кибершабуыл	
Киберпреступник	киберқылмыскерлер	
Комплаенс	Комплаенс	ағылш. compliance — келісу, сәйкестік, to comply — орындау
Компрометация (ключей)	Компрометация	франц. compromettre – (беделін үзіп алу, беделіне дақ түсіру, кілтті ашу, әшкерелеру –ТК). Ақпаратты қорғау саласында баламасы жоқ.
Маршрутизатор	маршрутизатор	Маршруттауыш, бағдарлауыш-ТК Тағы бір атауы ағылш.Router (Rout – маршрут деп аударылды).
Маскировка	Маскалау	Неміс.maskieren «маскировать»,франц. Masquer. Алдамша-1998 Бүркемелену-2012-2015 Перделеу –РЭТ Бүркеу-РЭТ
Претекстинг	Претекстинг	Ағылш. pretexting) — қаскүнем басқа адамның атынан алдын ала дайындалған сценарий бойынша құпия ақпаратты талап етеді
Программные закладки	Программалық қыстырмалар	Толтырым, толтырма-ТК АТ терминіне қатысты емес.
Секретный	құпия	Конфиденциальный - жасырын, құпия
Скрипт-кидди	Скрипт-кидди	Ағылш. <i>cript kiddie</i> — хакерлік мәдениетте компьютерлік жүйелер мен желілердің шабуылы үшін басқалар әзірлеген скриптерді немесе бағдарламаларды олардың әрекет ету механизмін түсінбестен пайдаланатын, тәжірибесі аз адамдардың атауы

Сокрытия	Бүркемелеп-жабу	Бүгіп қалу -ТК
Токен	Токен	Ағылш. <i>token</i> «белгі, символ, жетон). пайдаланушыны авторизациялауға, электрондық хат жазысуды қорғауға, ақпараттық ресурстарға қауіпсіз қашықтықтан қол жеткізуге, деректерді сенімді сақтауға арналған USB-брелок түріндегі ықшам құрылғы
Утечка	Сыртқа кетуі	таралып кетуі-ТК распространение –таралу ТК
Учетная запись	Тіркеу жазбасы	есептік жазба ТК
Фишинг	Фишинг	Фишинг (англ. phishing, от fishing —мақсаты пайдаланушылардың құпия деректеріне — логин мен парольдерге қол жеткізу болып табылатын интернет-алаяқтық түрі
Фрикинг	Фрикинг	ағылш phreaking, пайдаланушыдан жасырын немесе құжатталмаған функцияларды пайдалана отырып, телефон автоматтарын, телефон желілері мен ұялы байланыс желілерін бұзуды білдіретін сленгілік өрнек. Әдетте фрикинг тегін қоңырау шалу, жеке мобильді шотты толтыру үшін жүзеге асырылады
Хактивизм	Хактивизм	Ағылш. <i>hacktivism</i> ; — белгілі бір мақсатта компьютерлер мен компьютерлік желілерді заңсыз тәсілдермен пайдалану
Хактивист	Хактивист	Ағылш.(Hacktivist). Хакер+активист дегенді білдіреді
Хеш-код	Хеш-код	

Хеш-функция	Хеш-функция	Ағылш. <i>hash function</i> белгілі бір алгоритммен орындалатын, белгіленген ұзындықтағы бит жолына еркін ұзындықтағы кіріс деректер массивін түрлендіруді жүзеге асыратын функция. Хеш-функция өндіретін түрлендіру хештеу деп аталады Араластыру-ТК
Хеширование	хештеу	

Бұл ақпараттық технологияның ішіндегі Ақпаратты қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласы бойынша қамтылған сөздердің 1000-нан бірі, мүмкін мыңнан да көп шығар. Ал кестедегі терминдердің 90 пайызы Терминком бекіткен сөздерде жоқ.

Бір ғана digital.report (<https://digital.report/cybersecurity-terminology>) сайтының бір ғана бетінде кибер сөзімен байланысқан 50 шақты терминді кездестіруге болады.

Халықаралық термин деген ұғым бар. Оған ғалымдар мынадай түсінік береді: "Халықаралық термин дегеніміз арғы тегі латын, грек сөздері негізінде пайда болған еуропа тілдерінің сөздері. Орыс тіліне еніп, орыс тілінің тілдік заңдары бойынша аздаған өзгерістерге түсіп, қалыптасып кеткен бұл сөздер қазақ тіліне (түркі тілдеріне) енген жағдайда, олар ешқандай өзгерістерге түспей, орыс тілінде қалай айтылса, солай айтылып, қалай жазылса солай жазылуы керек. Өйткені бұл сөздер дүниежүзі халықтарына ортақ сөздер.

Ақпаратты қорғаудың техникасы мен технологиясы өте көп. Әр технологияның өз терминдері бар. Олай болса терминмен жұмыс өте көп.

Ол осындай бір кездесуде шешіле салатын мәселе емес.

Жалпы шешу жолдары:

1. Тіл саясаты комитеті Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы" қоғамдық бірлестігіне қарау керек (Мәдениет және спорт министрлігіне қарамау керек);

2. Республикалық терминологиялық комиссиясының құрамына лингвист, филолог ғалымдармен бірге салалық маман-ғалымдар кіргізілуі керек (формальді түрде бір маманды қоса салу – дұрыс емес);

3. Ғылыми-техникалық терминология комитетін құру қажет;
4. Ғылыми салалық кеңестермен, қоғамдық ұйымдармен жүйелі іскерлік қатынас орнатылу керек;
5. Аударуға ұсынылған терминдерді, аудармаларды, баламаларын талдайтын сараптамалық зертхана құру;
6. Сайттың жариялылық дәрежесін көтеру қажет;
7. Түрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларда қазақ тілінің мәртебесін көтеруге бағытталған салалық тақырыптардың қамтылуын іске асыру керек;
8. Ғылыми журналдарда терминдер мен терминологияға арналған арнайы секциялардың болуын ұйымдастыру керек;
9. Конференцияларда, ғылыми-практикалық семинарларда Қазақ тілінде оқыту технологиясы мен әдістерін (салаларға байланысты) жарияланатын мақалаларға басымдылық беру;
10. Терминком бекіткен сөздерді тағы бір електен өткізу керек. Ондағы тіл саласындағы білікті мамандарды салалық кәсіби мамандармен толықтыру немесе Терминкомның салалық филиалдарын құру. **Осы арқылы терминком бекіткен терминдердің кең қолданысқа ие болуына ықпал ету.**

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://informburo.kz/kaz/bektlgen-terminder-nege-oldanylmaydy-.html> 21.02.2020 11:51
2. <https://www.infotrust.ru/24-documents/terms> термины
3. <https://digital.report/cybersecurity-terminology>
4. <https://sites.google.com/site/infobezcom/18-slovar-terminov>
5. <https://studfile.net/preview/951057/>
6. <https://sites.google.com/site/infobezcom/18-slovar-terminov>
7. <https://informburo.kz/kaz/bektlgen-terminder-nege-oldanylmaydy-.html>
8. <https://termincom.kz/terminology/?id=19>
9. <https://termincom.kz/termins>
10. <https://articlekz.com/kk/article/16167>
11. <https://articlekz.com/kk/article/17638>
12. <https://massaget.kz/forum/viewtopic.php?f=248&t=13059>
13. <http://adebiportal.kz/upload/iblock/92b/92b6a1448c79f3b4d1f2220d9aed919b.pdf>
14. <https://stud.kz/referat/show/5805>

ӨТКЕННЕН ЖЕТКЕН ТЕРМИНЖАСАМ ТӘЖІРИБЕСІ

1930-жылдарға дейінгі терминқор қалыптастыру үрдісінің өзіндік ерекшелігін айқындап, қазақ тіліндегі термин шығармашылығының бағытын бағамдап, терминжасам тәжірибесіне үңілу үшін сол кезеңде жасалған терминдермен танысуға тура келеді. Төменде аталған кезеңде түрлі газеттер арқылы жұртшылық талқысына ұсынылған және Қазақстан Оқу комиссариатының білім секциясы бекіткен пән сөздері беріліп отыр. Бұл атаулардың арасынан сұрыптап алып, пайдалануға болатын сәтті терминдерді бүгін де табуға болады деп білеміз.

Мынау пән атаулары дұрыс па?

Абзац	сымбал
Абонамент	абанамент
Абрикос	өрік (кептірген өрік)
Абсентеизм	сырдан
Абцесс	шірінді
Абулия	әлсіздік
Авантаж	пайда
Авантюра	аламан (аламандық)
Авнтюрист	аламан
Авгур	балгер
Авиатор	ұшушы
Авиация	ұшушылық
Авианосец	ұшқыр кеме
Авиомаяк	әуе маяқ
Авиотранспорт	әуе жолы
Аврора	таң шапағы
Автаркия	желбуаз
Автобиография	өз өмірін жазу
Автогенез	өз бетінше есею

Автограф	аптыржазу
Автоплог	аптасоқа
Автор	аптыр
Авторское право	аптыр еркі
Автосани	апташана
Автотранспорт	аптакірекеш
Агглютинативные языки	жалғамалы тілдер
Аглометр	түрлі жыныстар (біріккен)
Агония	өлім жазасы
Аграмант	таңдайлау
Аграф	қаптырма
Агрессивный	үдемелі
Агрономическая помощь	ағыраномдық көмек
Аграрная политика	жер саясаты
Аграрный закон	жер заңы
Аграрный кризис	жер дағдарысы
Аграрная реформа	жер өзгерісі
Адвокат	атпекет
Административное право	әкімшілік еркі
Азбука	әліппи
Азойская эра	жәндіктерден бұрынғы заман
Айрширская порода	мөшке сиыр тұқымы
Аккомпонимент	үн қосу
Аккорд	шырқау
Аккумуляция	қорлану (електір)
Акциз	жапсырма салық
Алфавит	әліппе
Альтиметр	биіктік өлшеуіш
Алый	қанқызыл
Альманах	әлманақ
Альвеолы	тіс қуысы

Альбинизм	түсі айнушылық
Альбумин	жұмыртқаның ағы (уыз)
Альпийские растения	тау өсімдіктері
Альпинизм	тау кезушілік
Альт	нәзік үн
Алой	дәрі шөп
Аменоррея	етеккірі тоқталу
Аморфный	қырсыз (түрсіз)
Ампутация	оташылық
Амфистомы	бүйен құрты
Анабиоз	жәндіктердің қайта тірілуі
Анастомоз	жүйке торабы
Ангар	қоналқа
Андромания)	жеру (аурулы күй)
Анестезия	аурықсынбау
Анкета	әнкет
Анналы (летопись)	заман жазу
Аноним	тұйық
Анонимное письмо қат	тұйық қат
Антисанитарный	былапыт
Антисептика	шірітпеу
Антисептическое средство	шірітпеу амалы
Античное искусство	әндік өнері
Антракт	тыныстау
Антропография	адам нәсілін әліптеу
Антропофагия	кісі етін жеушілік
Аннулировать	бұзу
Анурия	несеп тоқталу
Апатия	меңзең
Апогей	шарықтау
Апокрифический	алғаң

Апоплексия	миға қан құйылу
Апорт	апорт
Апостроф	дәйекші
Апостериорный – тәжірибе мен айыратын	Апостериорный – тәжірибе мен айыратын
Аппендицит – кірне	Аппендицит – кірне
Априорный – сана мен айыратын	Априорный – сана мен айыратын
Арена – майдан	Арена – майдан
Арматура – аспап	Арматура – аспап
Архегоний – аналық	Архегоний – аналық
Арьергард – артқы әскер	Арьергард – артқы әскер
Аскетизм – сопылық (нәпсі тыюшылық)	Аскетизм – сопылық (нәпсі тыюшылық)
Аскет – сопы	Аскет – сопы
Ассимиляция – ымыралау	Ассимиляция – ымыралау
Атеизм – дінсіздік	Атеизм – дінсіздік
Атрофия – нәр алмау	Атрофия – нәр алмау
Аудиенция – ресми жолығу	Аудиенция – ресми жолығу
Афоризм – нақыл	Афоризм – нақыл
Ахроматизм – түссіздік	Ахроматизм – түссіздік
Аэрология – әуе ғылымы	Аэрология – әуе ғылымы
Аэронават – әуеде қалқу	Аэронават – әуеде қалқу
Аэропочта – әуе пошта	Аэропочта – әуе пошта
Аэросани – әуе шана	Аэросани – әуе шана

Осы көрсеткен атауларға қарсы болған кісілер, өздерінің тапқан мағаналырақ пән атауларын оқу кәмесиесінің білім кеңесіне жіберіп, пікірлерін ескертуін сұраймыз.

*Тіл кәмесиесінің қатшысы Әлкей Марғұлан
«Еңбекші қазақ» 1930. 14 март № 60 (1665)*

**ҚАЗАҒЫСТАН ОҚУ КАМЕСЕРЕТІНІҢ
БІЛІМ СЕКЦИЯСЫ АЛҒАН ПӘН СӨЗДЕРІ**

қазағысша	орысша
Қазағыстан мемлекеттік таңбасы	Государственный герб
Ескі іс қана	КССР Архив
Бақылау басқармасы	Контрольное управление
Бақылау жиылысы	Контральное совещанне
Еңбек ақы	Зарплата
Ақ саз	Каолин
Жай саз	Глина обыковенная
Иленгіш саз	Глина лепная
Жақбақты саз	Глинистые сланцы
Шарық тас	Песчаник
Шарық ақ тас	Кварцит
Өзен қайыры	Песок речной
Теңіз қайыры	Песок морской
Магнит тас	Магнитный железняк
Қоңыр темір тас	Брный железняк
Жанар тау жалқыны	Лава вулканическая
Жанар тау күлі	Пепел вулканический
Калсит	Балцит
Ізбез тас, әк тас	Известняк
Мырамыр	Мрамор
Бор	Мел
Қабыршықты тас	Известняк
Мөлдіргаж	Гимс прозрачный
Шұбар тас	Гранит
Қыр тас	Полевой шпат
Ақ тас	Кварц
Жақпақ тас	Слюда
Тас көмір	Каменный уголь

Мұнай	Нефть
Жылтыр тас көмір	Антрацит
Шойын	чугун
Болат	Сталь
Мыс	Красная медь
Шынық тұз	Каменная соль
Көк жар	Малахит
Пемзы	Пемза
Шаруашылық басқармасы	Экономическое управление
Сауда инспексiесi	Торговая инспекция
Кiргiзбе-шығарма сауда басқармасы	Экспертно-импортное управление
Ұйымдастыру-меңгеру басқармасы	Административно-Организационное Управление
Бедеулік	Безплодие
Саулық сақтығы	Гигиена
Шаңғы	Лыжа
Сумен емдеу	Гидропатия, гидротерация
Ұйыту	Гипноз
Құмарлық	Страсть
Нәзіктену	Разнежиться
Кұмса әйел	Первородящая, женщина
Акушер	Акушер
Ұрпақ	Потомство
Босанатын үй	Родильный
Бала түсіру	Аборт
Шығу, шын жара	Актинимикоз
Идіростатика	Гидростатика
Идродинамика	Гидродинамика
Тіл танытар	Грамматика
Калилей дүрбісі	Галилеева труба
Көгілдір	Голубой

Толқын жалы	Гребень волны
Гармапон	Граммфон
Калбан элементі	Гальванический элемент
Жай тартар	Громоотвод
Градус	Градус
Қан ренкі	Гемоглобин
Су өнері	Гидротехника
Су өнерпазы	Гедротехник
Кіреуке	Глазурь
Топ (шоқ, шоғыр)	Группа
Мемлекет бюджеті	Государственный бюджет
Гербар	Гербарий
Тән жүйесі	Анатомия
Тән тірлігі	Физиология
Тірлік тану	Биология

*Филология ғылымдарының
докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі*
Шерубай Құрманбайұлының
*«Қазақ терминологиясы» кітабынан
(434-436, 448, 449 беттер) алынды*

МАЗМҰНЫ

РЕСМИЕТ

Республикалық терминология комиссиясының шешімі.....3

КӨКЕЙКЕСТІ

<i>С.Әлісжан.</i> Ғылым тілін дамытудағы халықаралық және төл терминдердің ара салмағы.....	56
<i>М.Ахметов.</i> Медицина терминологиясының даму тарихы.....	61
<i>Ә.Смықова.</i> Сөздіктердің жасалу тәжірибесінен.....	66
<i>А.Шоқаева.</i> Ресми құжаттарда бекітілген терминдердің қолдану мәселесі.....	72

ТАЛҚЫ

<i>Ғ.Шойбекова.</i> Ақпараттық технология терминдердің қазақ тілі (әдеби тіл) өміршеңдігіне ықпалы.....	74
---	----

КӨЗҚАРАС

<i>А.Әбділманов.</i> Ұлттық тіл негізінде компьютер терминдерінің үлес салмағы.....	91
<i>А.Шайқұлова.</i> Ақпараттық технология саласында терминдік қорды жетілдіру және тәжірибеде қолдану мәселелері.....	97
<i>Ш.Құрманбайұлы.</i> Өткеннен жеткен терминжасам тәжірибесі...112	

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
"ТІЛ-ҚАЗЫНА" ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Ш. Құрманбайұлы**
Жауапты шығарушы **Қ. Есентаев**
Корректор **М. Шіменбай**
Дизайнын жасап, электрондық нұсқасын дайындаған
С. Баубек

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Сығанақ көшесі, 25,
Тел.: 8 (7172) 27-30-43
info@tilqazyna.kz

Беттеуге берілген күні 6.11.2020 ж.
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 16.11.2020 ж.
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 9,7



SÓZDIKQOR



Til-qural

